

MATERIAŁY
XIV MIĘDZYNARODOWEJ NAUKOWI-
PRAKTYCZNEJ KONFERENCJI

KLUCZOWE ASPEKTY NAUKOWEJ
DZIAŁALNOŚCI - 2018

07 -15 stycznia 2018 roku

Volume 8

Przemysł
Nauka i studia
2018

Adres wydawcy i redakcji:

37-700 Przemyśl ,
ul. Łukasieńskiego 7

Materialy XIV Międzynarodowej naukowo-praktycznej konferencji ,
«Kluczowe aspekty naukowej działalności - 2018» , Volume 8 Przemyśl:
Nauka i studia -92 s.

Zespół redakcyjny:

dr hab. Jerzy Ciborowski (redaktor prowadzący),

mgr inż. Dorota

Michałowska, mgr inż. Elżbieta Zawadzki,

Andrzej Smoluk, Mieczysław

Luty, mgr inż. Andrzej Leśniak,

Katarzyna Szuszkiewicz.

**Materialy XIV Międzynarodowej naukowo-praktycznej konferencji ,
«Kluczowe aspekty naukowej działalności - 2018» , 07 -15 stycznia 2018
roku po sekcjach:**

e-mail: praha@rusnauka.com

Cena 54,90 zł (w tym VAT 23%)

ISBN 978-966-8736-05-6

© Kolektyw autorów , 2018

© Nauka i studia, 2018

FILOZOFIA

Socjalna filozofia

проф. Данильян О.Г., проф. Дзьобань О.П.

*Національний юридичний університет імені Ярослава Мудрого,
м. Харків (Україна)*

РОЛЬ ЮРИДИЧНОЇ ОСВІТИ ТА ЮРИДИЧНОЇ НАУКИ У СТАНОВЛЕННІ ПРАВОВОГО СУСПІЛЬСТВА В УКРАЇНІ

У Конституції України проголошено мету формування демократичної, соціальної, правової держави. Іншими словами, передбачається створення правового суспільства, якому притаманні: політичний плюралізм, поділ влади, визнання вищою цінністю людини, а також її прав і свобод. Успішне становлення правового суспільства неможливе без створення реальних умов для цього процесу. До таких умов належать: досягнення високого рівня політичної та правової свідомості громадян; гуманізація людських стосунків; створення і розвиток альтернативних державі суспільних структур, що сприяють розширенню сфери прямої демократії; проведення правової реформи з метою створення єдиного, внутрішньо несуперечливого законодавства та ін. Важливу роль у становленні правового суспільства відіграють також підготовка висококваліфікованих юридичних кадрів та розвиток юридичної науки.

Мета виправдання права та особливості сучасного суспільства зумовлюють зміст юридичної освіти. Оскільки правова реальність перебуває у стані постійного становлення за активної участі суб'єкта права, а також враховуючи підвищену значущість творчого елемента правосвідомості громадян у перехідному суспільстві, правова освіта має бути націлена на засвоєння тих надпозитивних підстав, які спрямовують правотворення і правореалізацію. Акцент у юридичній освіті має бути зміщений на принципи права, які формують світоглядні витоки в праві, визначаючи всі подальші етапи його руху і, врешті решт, ступінь його ефективності.

Таким чином, мета побудови правового суспільства ставить перед юридичною освітою завдання виправдання права, інтегрування до його змісту

новітніх тенденцій сучасного світу з одночасним збереженням правової традиції українського народу. Відзначаючи велике значення останньої для сучасних державотворчих процесів, деякі сучасні дослідники акцентують увагу на тому, що ціннісним стрижнем об'єднання українського народу має стати національна ідея, виплекана традицією.

Наступний важливий чинник розвитку правового суспільства в Україні – стан розвитку юридичної науки, ступінь залучення вчених-юристів до розроблення проектів нормативно-правових актів та вдосконалення їхнього змісту, характер участі науковців у позитивному оформленні суспільного ідеалу. По-перше, важливість розвитку правової науки для державотворчих процесів обумовлена її зв'язком з правовою освітою. Сучасна модель правової освіти передбачає керівну роль правової доктрини у формуванні мети, цілей і змісту правового виховання. Переорієнтація правового виховання на досягнення глибинної сутності правових явищ актуалізує як спосіб обґрунтування права некласичне природно-правове мислення у вигляді сучасних теорій справедливості. Водночас в умовах зміцнення позицій школи природного права в середовищі вітчизняних юристів багатьом пересічним громадянам важко уявити існування права «до» моменту його офіційного визнання державою. Отже, проблемою залишається втілення природно-правових принципів у позитивному праві. Законодавство буде здатне ефективно здійснювати регулювання суспільних відносин, а отже, виправдовуватиме покладені на нього суспільні очікування, якщо воно характеризується високою якістю законів, системністю та узгодженістю з міжнародними правовими стандартами, демократичною і гуманістичною спрямованістю.

У сучасній Україні, на превеликий жаль, у законодавчій сфері існує чимало невирішених питань, зокрема неузгодженість між різними законодавчими актами, їхня неефективність, нестабільність чинного законодавства. Як зауважує В. Тацій, результатом бурхливої законотворчості перших років незалежності нашої держави став значний масив нормативно-правових актів, прийняття яких часто відбувалося за умов недостатньої концептуальної визначеності та соціальної обґрунтованості, супроводжувалося поспішністю, що аж ніяк не сприяло юридичній якості законодавства, його узгодженості та системності, а тому й високій ефективності правового регулювання. Так, за оцінками експертів, за період незалежності України було ухвалено близько 3 тис. законів, причому

більшість з них — це закони про внесення змін до вже ухвалених законів. Зрозуміло, що останнє якраз і свідчить про низьку стабільність законодавства. Безперечно, спосіб «спроб та помилок» у такій відповідальній галузі, як законотворча робота, є абсолютно неприпустимим, бо занадто дорого коштує для суспільства та держави. Тому значення юридичної науки для державотворення та становлення правового суспільства зумовлене, крім іншого, необхідністю наукового обґрунтування законодавчих приписів.

І нарешті, заслуговує на увагу методологічна функція юридичної науки. Адже в умовах переходу до нових соціальних ідеалів офіційна стратегія влади на розбудову правової держави ставить низку проблем, ефективне розв'язання яких безпосередньо залежить від методологічного стану вітчизняної юридичної науки. Існує необхідність у завершенні переходу наукових досліджень на сучасні методологічні орієнтири. На думку П. Рабіновича, такі тенденції у зміні об'єкта і предмета загальнотеоретичного правознавства, як антропологізація, глобалізація і деформалізація, зумовили відповідні зрушення у методології юридичних досліджень, а саме її фундаменталізацію та плюралізацію філософсько-правових підходів і концепцій. Однак, на жаль, у багатьох дослідженнях зберігається звична марксистська парадигма тлумачення правової дійсності. Хоча така настанова і поєднується з визнанням необхідності змін, але в межах старого стилю мислення. Як наслідок з'являються такі приклади нового мислення, як правова держава, що характеризується верховенством закону замість верховенства права. Водночас можна зазначити і позитивні тенденції, які полягають у тому, що сьогодні спостерігається об'єктивний процес наукової критики та оцінювання різних шкіл і напрямів правознавства на засадах плюралістичного підходу і саме на такому методологічному фундаменті, що зумовлює інтеграцію юридичних знань.

Filozofia kultury

Корганова С.С., к.ф.н., доцент

ЮКГУ им. М. Ауэзова

Султанова В.И., ассоциированный профессор

ЮКПУ

ВОПРОСЫ ДУХОВНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ И ТОЛЕРАНТНОСТИ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Двадцать семь лет Независимости Республики Казахстан – это неотъемлемая часть многовековой героической истории казахстанского народа. Вся история нашего народа, от начала времен живущего в сердцевидах землях степной Евразии, являющейся перекрестком цивилизации и ставшей колыбелью для многих народов, – это история, преисполненная нескончаемой борьбы за сохранение нации и государства. Исторические уроки пути, ясно указали нам, что основа благополучия – в единстве народа. За годы независимости Казахстан вошел в число 50 самых конкурентоспособных стран мира, досрочно реализовав Стратегию-2030, начал осуществление пяти институциональных реформ и Плана нации. За эти годы страна превратилась в одно из ключевых государств Евразии, чье мнение имеет солидный вес в мировой политике. Сегодня у Казахстана большой авторитет на международной арене, страна является членом 70 международных организаций. А в 2018 году наша республика будет председательствовать в Совете безопасности ООН.

Независимость – это прежде всего и экономическая состоятельность страны. За период становления молодой республики в десятки раз выросли доходы граждан, увеличилась продолжительность жизни населения до 72 лет, повысился уровень рождаемости. Объем ВВП на душу населения возрос более чем в 40 раз, во столько же увеличился объем инвестиций в основной капитал. С обретением независимости Казахстана мы получили исторический шанс вместе строить свою страну. Благодаря единству, сплоченности и твердости духа мы добились экономического развития, гражданского согласия. Все это – результат совместного труда. Доктрина национального единства Казахстана (ДНЕК),

внесенная Советом Ассамблеи народа Казахстана, была одобрена Президентом РК- Председателем АНК Н.А.Назарбаевым в 2010(апрель) году. Она определила новые цели и задачи национальной этнополитики. По словам Н.А.Назарбаева, «это целостная программа действий по всему комплексу межэтнических и межконфессиональных отношений и нацелена стать «настоющей книгой» каждого казахстанского политика, руководством действий для каждого депутата, управленца, ученого и журналиста»[1.С.238-239]. В Доктрине было подчеркнуто, что «главная идея Доктрины- укрепление Независимости. А это возможно только при единстве всего народа Казахстана. Казахстан вышел на качественно новый этап государственного строительства, переход к которому определен Пятью институциональными реформами, выдвинутыми Главой нашего государства. Базовым вектором Плана нации стала общенациональная патриотическая идея «Мәңгілік Ел», суть которой – в формировании Нации Единого Будущего для успешного вхождения Казахстана в число 30 наиболее развитых государств мира. В своей статье «План нации- путь к казахстанской мечте»,- Глава государства указывает на то, что «наш путь- это путь единства и последовательного формирования нации на основе гражданской идентичности». В статье указаны две основы развития, которые станут последовательно укреплять Нацию Единого Будущего. Эти две доминанты Плана нации Глава государства определил так: Во-первых, это Ассамблея народа Казахстана. Ее миссия-это дорога, которая ведет нас к нерушимости межэтнического мира и согласия. Во-вторых, мы обрели общенациональную идею «Мәңгілік Ел», которые «открывают путь к достижению нашей казахстанской мечты- стать одной из тридцати наций-лидеров XXI века»[2.С.5].

Вопросы духовной модернизации и формирования толерантного отношения друг к другу различных этнических групп стоят во главе угла казахстанской этнополитики. Народ Казахстана, который состоит из 140 этносов и этнических групп, всецело поддерживает идею Президента страны о необходимости проекта «Духовные святыни Казахстана», или как говорят ученые, «сакральную географию» Казахстана. У каждого народа, у каждой цивилизации есть святыне места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа. Это одно из оснований духовной традиции. Для Казахстана это особенно важно. Казахстан- огромная по территории страна с богатой духовной историей. Иногда наши размеры играли

разную роль в истории. Но никогда в народе не прерывалась связь в этом духовном географическом поясе. Необходимость духовной модернизации Казахстана диктуется колоссальным дефицитом гуманизма и девальвацией общечеловеческих ценностей, которые сегодня сложились в мире. Как никогда важно уберечь сознание наших граждан от негативных тенденций глобализма. И здесь основной упор делается на человеческий фактор – интеллектуально-духовный потенциал, патриотизм и высокую ответственность граждан, сплоченность и единство нации, идущей к новым целям поступательным, эволюционным путем.

Казахстанское общество сегодня характеризуется как динамичная, изменяющаяся и развивающаяся общество. Развитие общества идет по пути модернизации. Теории модернизации оперируют термином «модернизация» (от фр. *moderne*- современный, новейший), описывающим усилия слаборазвитых обществ, направленные на то, чтобы догнать ведущие, наиболее развитые страны, которые существуют с ними в одном историческом времени, в рамках единого глобального общества. По словам Н.А.Назарбаева:«на модернизацию общественного сознания средств бюджета не нужно. Комплексным планом приватизации на 2016–2020 годы предусмотрена реализация 780 организаций, в том числе 64 наиболее крупных компаний государственной собственности, Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», акционерное общество «Байтерек» и акционерное общество «КазАгро», 171 дочерних и зависимых организаций, входящих в состав акционерного общества «Фонд национального благосостояния», «Самрук-Казына» а также 545 организаций, передаваемых в конкурентную среду в результате приватизации, государственно-частного партнерства, ликвидации. Относительно духовно-культурной сферы пока этого не скажешь. Речь, конечно же, не идет о том, чтобы эту сферу полностью отдать на откуп рынку. Главная цель – на основе взаимодействия государства и гражданского общества возродить духовность в целом»[3].

Глава государства Н.А.Назарбаев в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» в числе основных направлений общественного сознания выделил- сохранение национальной идентичности. Он подчеркнул, что «наши национальные традиции и обычаи, язык и музыка, литература и свадебные обряды,-одним словом, национальный дух, должны вечно оставаться с нами.»[4].

Как показывает практика, во многих странах мира признают, что в свете новых вызовов и угроз политику толерантности и недискриминации можно назвать ключевым аспектом успешного развития. Терпимость, взаимопонимание и взаимоуважение, поиск компромиссов, мир и согласие-основные идеи, утверждающиеся как мировоззренческие идеалы и как нормы повседневной жизни в казахстанском обществе. Приверженность к этим общечеловеческим ценностям позволяет избегать потрясений и резких поворотов, осуществлять взвешенный, и реалистический курс на постепенное и последовательное либеральное реформирование экономики, демократизацию общества. Н.А.Назарбаев поручил Правительству разработать Стратегический план развития до 2025 года по Третьей модернизации страны под названием «Национальная технологическая инициатива Казахстана». У нас нет другого выбора, кроме как достойно принять вызов времени и решить задачи по дальнейшей модернизации страны. Я верю, что наш великий народ всецело воспользуется уникальным историческим шансом, отметил Елбасы [5]. Проследившая историю зарождения идеи «Мәңгілік Ел» хотелось бы еще и еще раз обратиться к трудам Главы государства. Эти ценности взяты не из заоблачных теорий. Н.А.Назарбаев в своем труде «В потоке истории» писал, что: «нужно быть малообразованным человеком, чтобы не знать, хотя бы на уровне общих сведений, что казахская земля была территорией колоссальных культурных новаций европейского масштаба – от военных технологий до способов конструирования жилья, разведения скота, от уникальных технологий в металлургии до выдающихся памятников литературного творчества. Все это не могло состояться без многообразных и длительных контактов с самыми разными народами и цивилизациями. Здесь на пыльных дорогах Казахстана уходили в вечность даже не подозревая об этом, мистики школы Яссауи; рыжебородые персидские купцы, торившие путь не только товаром, но и непревзойденной по изысканности любовной лирике Саади и Руми; воины грозного Чингизхана и администраторы Поднебесной империи. Культура казахской степи представляет собой сложнейшее и многоуровневое явление с глубокой исторической традицией[6].

На сегодня в Южно Казахстанской области успешно функционируют 20 этнокультурных объединений. В РК зарегистрировано- 17 конфессий и 3.088 религиозных объединений. При всех различиях в национальности,

вероисповедании, политических пристрастиях граждане Казахстана едины во мнении, что духовность, нравственность, культура, уважение к законам- это основа динамичного развития общества. Толерантность-это терпимость к чуждым мнениям, верованиям, поведению, это готовность принимать поведение и убеждения, которые отличаются от наших собственных, если даже мы не соглашаемся с ними. В демократическом обществе толерантность считается нормой гражданского общества. Она закрепляет право людей быть различными, обеспечивает нормальное существование различных конфессий, культур и традиций, политических, социальных и этнических групп. Толерантность понимается как готовность к бесконфликтному воздействию с людьми, различающимися по языку, верованию, культуре и внешнему облику. Ведь в настоящее время толерантность является актуальнейшей проблемой как глобального, так и национального масштаба. В глобальном масштабе толерантность - это стремление к общечеловеческим ценностям, готовность человека совместном поиском достижения согласия ненасильственными способами и методами.

По данным экспертов, 94% опрошенных считают, что идея «Мәңгілік Ел»-позволит мобилизовать общественный потенциал в достижении целей экономического роста на основе инноваций и индустриализации. Примечательно, что 92% опрошенных респондентов убеждены, что идея «Мәңгілік Ел»-станет духовным фундаментом Независимости страны на основе общности истории, культуры, языка. Поэтому своевременно в сфере культуры намечены ряд мер по дальнейшему стимулированию создания новой качественной культурной продукции. А также разработка Концепции культурной политики, формирование узнаваемого культурного бренда Казахстана в мировом сообществе. По данным социологических исследований в городах Алматы, Астаны и 14 областях Казахстана, на вопрос: Какие вопросы будет решать Ассамблея народа Казахстана в будущем? Из числа респондентов в 2013г.-51,0%, 2014году-52,8%, 2015 году-68,8% отметили пункт-национального единства и общественного согласия. В 2015 году роль АНК от 5-10 бальной шкале позитивно отметили- 95,3 респондентов. А в 2014 году этот показатель составил-77,2% [7].

Как показывают данные опроса общественного мнения, на вопрос: «выполнение каких условий, на Ваш взгляд будет способствовать успешной

реализации программных действий, озвученных в Послании? 90%- отметили, гражданский мир и согласие в стране; 96%-отметили сильную социальную политику; 98%- всестороннюю поддержку предпринимательства»[8]. Реализация масштабного проекта АНК «Большая страна – большая семья», инициированного Президентом страны в Плане нации «100 конкретных шагов», направлена прежде всего на укрепление казахстанской идентичности и создание условий для формирования целостной гражданской общности. В патриотическом акте «Мәңгілік Ел» большое внимание уделяется высокой духовности: «единство гражданских и духовных ценностей позволило нам найти свой собственный путь и гордо заявить о себе всему миру» [9].

Таким образом, духовная модернизация и идея «Мәңгілік ел» являются консолидирующим фактором для духовной модернизации всего казахстанского народа. Сегодня речь идет о согласии, основанном на сохранении различий и, следовательно, на внутренних механизмах взаимопонимания, взаимопризнания, толерантности, уважительности. Для укрепления потенциала межэтнического согласия следует осуществлять ряд мер. Прежде всего, необходимо развивать в казахстанском обществе гражданскую идентичность, толерантность через систему образования и воспитания, корректное освещение темы межэтнических отношений в СМИ, повышение правовой культуры широких слоев населения. Для полиэтничного, поликонфессионального и поликультурного Казахстана межэтническое, межконфессиональное и межкультурное взаимодействие является важнейшей ценностью, обогащающей спектр возможностей для развития страны и укрепления единства народа Казахстана.

Литература:

1. Послание Президента РК Н.А.Назарбаева. Национальная идея, Стратегия «Казахстан-2050»./ Этнополитический словарь. Астана, 2014г.
2. На основе гражданской идентичности. // Казправда,7января,2016 года. С. 5.
3. Н.А.Назарбаев «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». Послание Президента РК народу Казахстана от

- января 2017 года. (<https://ru.sputniknews.kz/politics/20170417/2034564/duhovnoe-vozhrozhdenie-prioritet-tretej-modernizacii-kazahstana.html>)
4. Н.А.Назарбаев. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания.// Казправда, 13 апреля 2017 года. С.1-2.
 5. Патриотический акт «Мәңгілік Ел». // <http://assembly.kz/ru/news/patrioticheskiy-akt-mangilikel>.
 6. Н.А.Назарбаев. В Потоке истории.- Алматы, 2003.С.20
 7. Н.А.Назарбаев. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». Послание Президента РК народу Казахстана от 31 января 2017 года.
 8. А.Садуақасова. Қазақстандық бірігейлік пен бірлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі.// Қоғам және Дәуір. №2(50)2016.С.78.
 9. 50 шагов к достижению целей «Казахстан-2050».//Казправда,25 января 2014 года

Filozofia religii

Купешов К.У.

исламтанушы

Шәкизада С.Б.

Нұр-Мұбарак ЕИМУ магистранты

ИСЛАМДАҒЫ ТАБАРРУК ПЕН ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРІНДЕГІ ТӘБӘРІК ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Қазақ салт-дәстүріндегі тәбәрік түсінігі исламдағы табаррук ұғымымен мағыналас па, әлде басқа ұғымды білдіре ме? Қазақ әдеби тілінің сөздігіне үңілсек, тәбәрік, тәбәріктей, тәбәріктік деген сөздерді байқаймыз.

Мәселен, тәбәрік сөзінің бірінші мағынасы: «Құранның бір аяты. Сәлделі имам көзін сүзіп, тәбәрікті созып, Бұхар мақамын күңіренгенді екен». Екінші мағынасы: «Өлген кісінің құдайысынан алған зат, киім, бұйым. Қандай сый тартсам екен, аға саған, (Білмеймін жараса ма, жараспай ма?!) Ешбір сый таба алмасам, аға саған Аппақ тонын-атамның тәбәрігін, Жүзге кел деп арқаңа жаба салам. Мәйітті жерлегеннен кейін молда құран оқиды. Жақсы келген адамның қазасында бейіт басында тәбәрік ретінде жыртыс таратылады» десе, үшінші мағынасы: «Олжа, үлес, сыйлық. Қыз бұйымы – жігітке тәбәрік. Сіздей адам енді бізге кезіге ме, жоқ па? Тәбәрік алып қалайың».

Тәбәріктей: «Тәбәрік тәрізді, қасиетті» деген мағыналарды білдіреді. Ардагер ағалардың қасиетті қаны сіңген мына қамалдың әр сүйем жері, әр уыс топырағы, әрбір тасы маған қасиетті тәбәріктей көрінеді. Тәбәріктей сақтап жүрген үнді соңы еді.

Тәбәріктік: «Тәбәрік боларлық». Түнекеңнің дүние салуын ақ сапар, армансыз сапар десті. Біреулер бұл қазаны тойға теңеп, «Түнекеңнің жасына жетсек арман бар ма?» деп, тәбәріктік жыртыс дәметіп жатты[1, 14/46-б.].

Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары атты еңбекте Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары турасында былай айтылады: «Қарастырылып отырған өңірдің жасы келген адамды жерлеу ғұрпында дәстүрлі

шашу рәсімі кездеседі. Яғни, марқұмды ауладан шығарған кезде оған тиындар шашатын болған. Тиындармен қатар шашудың құрамына бауырсақтар, кәмпиттер сирек те болса жиналған қауымға мата кесінділерін шашатын болған. Жиналғандар, ол адамның шарапаты тиеді деген наныммен, «шашуды» тезірек жинап алуға тырысады. Жерлеуден тиген маталар (жыртыс) немесе ақшалар қазақтарда тәбәрік деп аталады»[2, 1/192-б.]. Жерлеуге қатысты: «Бұл сәтте бүкіл қатысушыларға жыртыс (бет орамал, мата) таратылады. Бұл тәбәрік деп аталады. Кейде зират басында қабір қазушы адамдарға жұмысы үшін жейде немесе ақшалай (марқұмның отбасының жағдайына қарай) беріледі[1, 1/193-б.].

Енді Оңтүстік Қазақстан қазақтарының жерлеуге байланысты әдет-ғұрыптары мен ырымдарында былай баяндалады: «Шілдеханада» үлкен кісі болса, ауыл адамдары теріс шақырылады. Шарифат айтып сол үйде отыру керек, оның мәні үй иелерін жақын туыстарына жалғыз тастап кетпеу керек. Облыстың батыс бөлігінде «кеңестен» кейін жыртыс таратылады. Келген адамдардың барлығына матадан жыртыс береді. Қазіргі кезде оны «тәбәрік» дейді. 80-90 жасқа келіп қайтқан адамдардың жасын берсін деп тәбәрікті ырыммен алады[1, 1/220-б.].

Егерде жас бала өлсе – шейіт кетті дейді. Ал кәрі кетсе – той деген ұғым қалыптасқан. Жастың асынан дәм татпайды, айнала жас адамның қаны деп, ал даярланған орамал, мата бөліктерін «тәбәрік, осы кісінің жасына жеткізсін» деп ырым етіп, алып кетеді. Сонымен бірге тәбәрік ретінде әжей қайтыс болған жағдайда, оның білезік, сырға, сақина, киімдерін бөліп алады[1, 1/223-б.].

Біреу ойын-тойда бәйге, жүлде алса немесе құдалық салт-дәстүрде кәде алса одан жанындағыларға үлес беруі керек. Мұндайда жұрт одан «тәбәрік бер» деп сұрап алады. Олжалы адам әдет бойынша тәбәрік беруге міндетті, бермеуі ұят, сараңдық, дәстүр сыйламағандық болып есептеледі[3, 46-б.].

Халыққа сыйлы, жасы келген адам дүниеден озғанда оның жеке заты, киімі тәбәрік ретінде таратылады. «Теберік болсын, бізге де бірдеме бер» (Бауыржан Момышұлы)[4, 295-б.].

Қазақ салтында, көп жасап, немере-шөбере көрген қадірлі, инабатты кісілер қайтыс болса, қабір басында түрлі кездемелерден жыртыс жыртып, жерлеуге барған адамдарға үлестіреді. Міне, бұл «тәбәрік беру» делінеді. (Бұл салт кей жерде «өңір тарату», кей жерде «бедян тарату» деп аталады).

Жоғарыдағылардан тыс, сыйлы, қадірлі қарт адамдардың қабірі басына жауып барған киіз, кілем тектес заттарын «жасына келеміз, қасиеті дариды» деп жерлеуге барған адамдар кесіп-кесіп, паршалап бөліп, талап алады. Бұл «телім алу» деп аталады. Егер мұндай жағдайда, белгілі себеппен қабір басына бара алмай қалған адамдар марқұмның үйіндегі киім-кешегінен «телім» және «тәбәрік» сұрап алады[5, 546-б.].

Қандай да бір қазақ ойынының немесе жарыстарының жүлдегері алған сыйын бөліседі. Осы бөліп алған зат «тәбәрік» деп есептеледі Жасы жүзге келіп немесе жүзге жақындап өлген қарттардың тірі кездерінде тұтынған заттарын тәбәрік деп бөлісіп алады. Ол бізге де жұғысты болсын немесе сондай жасқа жете берейік деген тілекті білдіреді. Ондай үлкен кісілердің өмірлерінде тұтынған заттарын өзара бөлісіп алады. Тәбәрікке әжелердің жиған зергерлік бұйымдары, киген киімдері, сандығына салып сақтаған заттары, қарт аталардың қамшылары, ер тоқымдары, бас киімдері мен киген киімдері және жеке тұтынған заттары жатады[6, 102-б.].

Енді осы аталмыш іс-әрекеттер ислам шарифаты бойынша қалай қарастырылады? Діннің негіздеріне қайшы емес пе деген сауалға келсек, дүниеден өткен кісінің артынан жыртыс, тәбәрік, киім тарату қазақ халқының салт-дәстүріне сіңісіп кеткен үрдістер. Мұның бәрін мұсылман халқымыздың қайтқан кісінің атынан садақа беру ниетімен жасайтындығы белгілі. Ислам діні бойынша, дүние салған кісінің атынан садақа беруге болады және оның сауабы өліге тиеді деп есептеледі. Бір күні пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) бір кісі келіп: «Менің әкем қайтыс болды. Артында дүниесі қалды. Артында қалған дүниесін (пәлен жерге берілсін) деп өсиет етпеді. Егер мен оның орнына садақа берсем, күнәлары кешіріле ме?» деп сұрайды. Сонда пайғамбарымыз (с.а.с.): «Иә» деп жауап қатады (Муслим, «Сахих»). Осы хадисте садақаның дүниеден өткен кісіге арналып жасалғанда сауабының оған жететіндігі айтылған. Ахмад ибн Ханбал бұл жайында: «Бағышталып жасалған барлық жақсылықтың сауабы өліге тиеді. Өйткені ол жайында хадистер бар» деген (Сайд Сабиқ, «Фикһус-сунна»).

Фикһ ғалымдар садақа сауабының өліге тиетіндігін айтқан. Сондықтан жыртыс, тәбәрік, киім таратудың бәрі садақа ниетімен жасалғанда, сауабы өліге тиеді. Яғни бұл амалдар садақа ниетімен жасалуы қажет. Осындай ниетпен жасалғанда шарифатқа ешқандай қайшылығы жоқ, қайта керісінше, құп көрінеді.

Бірақ, бұл амалдар шамасы келмейтін адамдарға жүктелмейді. Яғни шамасы келетін адамдар ғана жасауына болады, ал шамасы жетпейтіндерді дініміз бұған мәжбүрлемейді[7, 131, 132, 133-б.].

Жалпы дінімізде табаррук – бір нәрсе арқылы береке тілеу, құт күту деген мағынаны білдіреді. Пайғамбарымыздың шаш сақалын себепкер етіп жаратқаннан жеңіс тілеу, яки, ауруға шипа тілеу немесе шапанын себепкер етіп ауруларға дауа сұрау сахабаларымыздың заманында бар болатын[8, 202-203-б.]. Алладан біреуді ортаға себепкер қылып берекет тілеу тек пайғамбарымызбен шектелмейді. Сонымен қатар салиқалы кісілердің киімдерімен және басқа да артында қалған заттармен табаррук жасауға рұқсат етілген. Мұсылман берекетті беруші бір Алла екендігіне сенеді. Кез-келген нәрсені берекелі, құтты ететін бір Алла Тағала. Жаратылғандардың болмысында барака (береке) болмайды. Расында берекет ол Алладан.

Алла Тағала кейбір адамдардың бойына құт берекет дарытып қойды. Сондай-ақ белгілі бір уақыттарға, кейбір сөздерге де берекет нәсіп етті.

Адамдардың бойындағы құт-берекет.

Алла Тағала Құран Кәрімде Юсуф пайғамбардың: «**Ал енді мына жейдемді алып барыңдар да әкемнің жүзіне жабыңдар, сонда оның көзі ашылады...**»[4, 12/93] деген сөзін келтіргеннен кейін, аяттың жалғасында: «**Хабаршы сүйінші сұрай келіп, жейдені Яқубтың жүзіне жапқанда, көзі бірден ашылды. (Оның артынан ұлдары да келіп жетті) сонда Яқуб ұлдарына: «Мен сендерген Алланың маған үйреткен ілімінің арқасында сендер білмегенді білемін, – деп айтпаған ба едім?»**», – дейді[9, 12/96].

Яқуб (а.с.) пайғамбар баласы Юсуфтан айырылып қалғаны үшін уайым-қайғыдан көзі ағарып кеткен-ді. Көзі көрмей қалды. Юсуф (а.с.) пайғамбар киген жейденің берекеті себебінен Алла Тағала Яқубтың (а.с.) көз жанарын қайтарды. Шын мәнінде әкесі мен баласы зиянды, пайданы, шипаны да беретін бір Алла екенін жақсы білетін. Юсуф (а.с.) пайғамбар әкесіне шипа тілеу үшін дұға тілесе де болатын-ды, алайда пайғамбарлармен, ізгі құлдармен табаррук қылу, шипа сұрау дұға тілеу секілді шариғатта негізі бар амалдардың қатарынан болып табылады. Осылайша Юсуф (а.с.) жейдесін әкесіне жіберіп, жүзіне қоюын, жабуын бұйырды. Нәтижесінде Алланың қалауымен жейдесінің берекетінен Яқубтың (а.с.) көзі көріп, ашылды[10, 497-б.].

Белгілі бір уақыттардағы берекет.

Алла Тағала «Духан» сүресінің алғашқы 3 аятында: **«Ха, Миим. Ақиқатты ашық баяндайтын осынау ап-айқын Кітапқа серт! Біз оны құт-берекеге толы қасиетті түнде түсірдік. Біз (сол арқылы ақиқаттан сырт айналғандарды) ескертудеміз»** деп баян етеді.

Аталмыш түн не үшін қадірлі, құт-берекеге толы қасиетті болмақ? Себебі, бұл түні (қадір түні) күпірлік қараңғылығынан ақиқат нұрына жетелеген қасиетті Құран Кәрім түсе бастады. Қасиетті Құранда бұл түнгі ақиқатты айқындай түсетін “Қадір” деп аталған арнайы сүре де бар. Онда: «Біз оны (Құранды) Қадір түні түсірдік. Қадір түні не екенін білесің бе, (Алла білдірмесе,) қайдан білесің? Қадір түні мың айдан да артық. Ол түні періштелер мен Рух Раббыларының рұқсатымен әр түрлі іс атқару үшін леклегімен түскен үстіне түсе береді. (Әсіресе риясыз құлшылықпен өткізгендер үшін) ол түн таң бозарып атқанға дейін мейірім мен есендік түні болмақ» деп,[9, 97/5] басқа күндерден негізгі ерекшеліктерін айқындап өтеді.

Берекелі сөз.

Алла Тағала сөзге де береке берген және Өз сөзінің де берекелі екенін айтқан: **«Міне, осынау Құран да Біз түсірген құтты да, мүбәрак кітап (зикр). Солай бола тұра сендер оны мойындамайсындар ма?!»**[9, 21/50].

Сәлемдегі берекет.

Мүміндердің бір-біріне берген сәлемі де берекелі. Құран Кәрімде: **«Алланың атынан һәм Оның бұйырғанындай құт-береке мен игіліктің орнауына себепкер болған игі ниетпен бір-бірлеріңе сәлем беріңдер...»**[9, 24/61] деп баяндайды.

Алла Тағала тарапынан берекелі деп айтылған нәрселердің берекесін іздеу мүмін мұсылмандар үшін – мұстахаб. Сондықтан мұсылман адамға пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) және оның заттарымен табаррук ету – мұстахаб. Аталмыш табаррукты сахабалар Алла елшісінің (с.а.с.) көзі тірісінде жасаған. Оларды бұл істері үшін Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) сөкпеген-ді. Керісінше жауап ретінде пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға береке тілеген[11, 91,92-б.].

Әбу Жухайфадан (оған Алла разы болсын!). Ол: «(Бірде) *Алла елшісі* (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) *түс әлетінде біздің алдымызға шыққанда*

дәрет алу үшін су әкелінді де, ол дәрет алды. Сол кезде адамдар ол дәрет алған судың артылып қалғанын алып (денелеріне) жаға бастады. Сосын пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бесін намазын екі ракағат және аср намазын екі ракағат етіп оқыды, алды жағында үшкір таяқ (жерге шаншулы) тұрды», – деген. Сәиб ибн Язидтен (оған Алла разы болсын!). Ол: «Нағашы әпкем мені пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) ертіп барып: «Уа, Алланың елшісі! Әпкемнің баласы ауырады», – деді. Ол басымнан сипап, маған береке тілеп дұға қылды. Сосын дәрет алды, мен оның дәрет суынан (қалғанын) іштім де, арқа жағына барып тұрған едім (онымен бірге намаз оқу үшін) екі жауырыны ортасындағы құрдың жұмыртқасы секілді пайғамбарлық мәрді көрдім», – деген[12, 64-б.]. Имам Байһақидың кітабында келген Хұдайбия келісімі туралы хадисте Ғұруа ибн Масғұдтың Құрайышқа оралғаннан кейінгі оқиғасы баяндалған: «Ғұруа жолдастарына қайтып келіп: «Ей, қауымым! Алланың атымен ант етейін, расында, мен талай патшалардың алдында болғам, императордың, кисраның және нәжәшидің алдында болғам, (бірақ) Алланың атымен ант етейін, ешбір патшаны маңындағылардың, Мұхаммедтің сахабалары Мұхаммедті құрметтегендей құрметтегенін көрген жоқпын! Алламен ант етейін, ол түкірсе, түкірігі (сахабалардан) бір кісінің алақанына түсіп, ол дереу онымен беті мен денесін (дәреттен) артылған суына қырылысуға шақ қалады, ал сөйлесе, қасында дауыстарын бәсеңдетіп, құрметтеулері себепті оған тіке қарамайды. Ол сендерге парасатты ұсыныс жасады, оны қабылдаңдар», – деді[13, 9/366-б.]. Айша анамыздан жеткен сахих хадисте: «Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) алдына сәби балалар әкелінсе береке тілеп, құрмамен ауыздарын ысқылайтын» – еді десе, дәл осы сахих Муслимде келген хабарда: «Әсма Меккеде Абдулла ибн әз-Зубайрға жүкті болатын. Әсма: «Мен жолға шықтым. Толғақ уақыты таяған-ды. Сөйтіп, Мәднна қаласына келе жатып, жолда Қуба деген жерге аялдадым және сонда босандым. Кейін Алла елшісіне (с.а.с.) келіп баланы қолына бердім. Пайғамбарымыз (с.а.с.) құрма сұратып, оны шайнап, кейін баламның аузына түкірді. Баламның аузына түскен ең бірінші нәрсе Алла елшісінің (с.а.с.) түкірігі болатын. Кейін құрмамен оның аузын ысқылап, балаға дұға мен береке тіледі. Балам ислам тарихында дүниеге келген ең бірінші нәресте еді» – делінген[14, 8/441-б.]

Әбу Бәкірдің қызы Әсмә (р.а.) бірде етек-жеңі жібекпен қапталған қалың шапанын шығарады да: *«Бұл Айша анамыздың (р.а.) дүниеден өткенше киген шапаны еді. Қайтыс болған соң оны мен алдым. Шапанды пайғамбарымыз да (с.а.с.) киетін. Біз бұл шапанды жуып, суымен ауырған адамды емдейміз»* деген[15, 3/1641-б.].

Сондай-ақ ислам дінінде Алланы зікір ету үшін немесе Жаратушының тоқсан тоғыз есімін қайталау үшін қазақ халқы тәспіні қолданғанын білеміз. Қазақта тәспінің орны ерекше. Қазақ үрдісі – іші-сырты інжу-маржан тастармен безендіріліп салынған, көргенді тамсандырып, таңқалдырған ғажап сарай десек, тәспі соның күміс қақпасының алтын тұтқасы.

Қазақта тәспі тастарының саны отыз үш немесе тоқсан тоғыз болған. Тоқсан тоғыздық тәспі отыз үшке бөлінген. Қазақ бұл сандарға өте мән берген. Өйткені, намаздан кейін «субханАлла», «әлхамдулилла», «Аллаһу әкбар» деп айту – пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеті. Қазақ Ұлы Жаратушыны зікір етуде қателеспейін, пайғамбарымның жолымен жүрейін деп, тәспі тастарының санын қатаң қадағалаған. Сонымен қатар үш бөлек отыз үш қосылып, Ұлы Жасаушының тоқсан тоғыз есімдерін білдіретін еді. Хадисте Алланың тоқсан тоғыз есімі бар екенін қазақ жақсы білген. Және қазақ тәспі тастарын әр түрлі нәрседен жасаған. Оның ең ішінде мәшһүрі құрма сүйегінен жасалған тәспі. Қазақ құрмаға ерекше ықыласпен қараған. Оның сыры құрманың басым көпшілігі Мекке-Мәдинадан келгендігінен еді: Қажылыққа барғандар қасиетті жерден қастерлеп екі тәбәрік әкелген. Бірі зәмзәм суы, бірі құрма. Құрманың әлі күнге дейін ең жақсысы Мәдинадағы сол заманнан бері өсірілетін пайғамбар құрмасы. Және пайғамбарымыз (с.а.с.) оразада аузын құрмамен ашқан. Алла елшісі терең сүйген қазақ оның аулынан келген құрмаға да өзіне келе алмай, сағынған үмбетіне тәбәрік етіп жіберген сәлемі секілді қараған. Сол себепті құрмадан жасалған тәспінің орны ерекше еді. Әулие-әжелеріміз құрмадан тәспі тізіп немере қызының мойнына таққан немесе құрметтеп қара шаңырақтың төрдегі керегесіне ілген. Қастерлеп табан астында қалмауын қадалаған. Жазатайым жібі үзіліп шашыла қалса, тастарын түгел табуға тырысқан. Бірақ, ешуақытта ұлылық қасиет деп қарамаған. Қазақтың тәспіні қастер тұтуында жоғары айтылғанда екі себеп бар: Біріншісі, тәспінің – күллі әлемнің тізгінін құдіретімен иелік еткен Ұлы Алланы зікір етуіне арқау болуы, екіншісі, жалпы тәспі құрмадан жасалып, сол құрманың Меккеден немесе пайғамбарымыздың

аулынан келгендігі мен сол қасиетті жерлер мен пайғамбарымызға деген сүйіспеншіліктің белгісі болғандығынан еді. Сізге алыстағы ағайыннан немесе құдаңыздан яки әсердегі балаңыздан хат келсе, оқып лақтыра салар ма едіңіз? Әлбетте, қастерлеп сандыққан немесе жоғарыға қояр ма едіңіз. Сол секілді қазақ ата-әжем Ұлы Досын серік, ортақ атаулыдан пәктеп, дәріптеп, осыны тәспі арқылы баласы мен немересіне сонау сәби кезден насихаттап, бойына сіңіріп отырған. Яғни, тәспі Алланы пәктеуде үлкен рөл атқарған[16, 45, 46-б.].

Қожа Ахмет Иасауи бабамыз да өзінің «Даналық кітабының» (Диуани хикмет) 98-хикметінде:

Хош ғайыптан жолдаған жақсы сөзім – тәбәрік,
Ғашық болсаң, ай, шәкірт, түн ұйқыңды ада қыл,
Ғибадатқа белің бүк, жас орнына қан ағып,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Арыстан бабам тәліпте ықылас жоқ деген ед,
Сүйенерің бар тұрып, Қыдыр, Ілияс не керек?!
Жеті кәміл пірге де айтпас және «жебе» деп.
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Шәкіртпін дер, оллаһи, өздерінде нысап жоқ,
Көрінгенге телмірген көздерінде нысап жоқ.
Кісі малын жейді олар – кісәпірлік мысал боп,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Зікір сарнап күшенсе, көзден жасы шықпайды,
Басы неге ауырсын – көңілінде жоқ түк қайғы.
Құдай айла-шарғымды біледі-ау деп ұқпайды,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Көкірегі көрсоқыр талапкермін деген кіл,
Шын шәкіртті сұрасаң, іші-тысы кемел дүр.

Аллаға аян сырлары, адал, таза жеген нұр,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Қисаңдаған сопыдай, қиямет деп өтпейді,
Шірік, пасық шімірікпес:
«Күнәм қыруар көп», дейді.
Не қолына тәспі ұстап, жылап жасын төкпейді,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

деп[17, 121-б.] Иасауи бабамыз әрбір шумағында тәбәрік сөзін қолданған. Осылайша 98-хикметінде өлең жолдарының барлық қатарларында «Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік» деумен тәмәмдайды. Аталмыш сөзді өлең жолдарында тілге тиек етуі бекер емес. Иасауи Арыстан бабаның әрбір сөзін тәбәрік деп сипаттаған. Яғни, даналыққа толы болған Арыстан баба сөзін келер ұрпаққа есітіңіз тәбәрік болсын деген мағынада айтса керек.

Жоғарыда келтірілген анықтамалар мен дәлелдерге көз жүгіртсек, дәстүрдегі тәбәрік пен исламдағы табарруктың еш айырмашылығы жоқ екенін байқаймыз. Демек, бұл ұғым сонау пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) заманында қалыптасты десек, өмір тіршілігі исламмен біте қайнасқан қазақ жұрты бұл дүниені ойдан таппағандығын аңғарамыз. Себебі, қазақ жеріне ислам дінінің келіп, қанат жайғанына он екі ғасырдан астам уақыт өткенін тарихтан білеміз. Асыл дініміз Исламнан бастау алған салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз ұлтымызды өзгелерден ерекшелейтін құндылықтар. «Дін апиын» деп ұрандатқан кеңес дәуірінде де ата бабаларымыз сеніміне селкем түсірмей, дәстүріне бекем болды. Дінге қысым көрсетілген замандарда да Исламның ұрпақтан ұрпаққа жетуіне себепші болған дәстүр еді. Дініміз бен дәстүріміз бір-біріне сіңісіп кеткені соншалық, дәстүр дініміздің қызметін атқарып келді. Өйткені діни жоралғылар дәстүр ретінде күнделікті өмірде көрініс тапты. Олай болмағанда, дінді сақтап қалу мүмкін емес еді.

Осылайша қазақ салт-дәстүріндегі тәбәрік пен исламдағы табаррук ұғымы бір екендігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М.Малбақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: «Арыс» – «Қазақ тілі» 2014. – 15 том.
2. Серік Әжіғали. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Арыс баспасы» 2005. – 2 том.
3. Сейіт Кенжеахметұлы. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Ана тілі» 1994. – 80 б.
4. Сейіт Кенжеахметұлы. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Атамұра» 2010. – 384 б.
5. Айып Нүсіпоқасұлы. Тал бесіктен жер бесікке дейін. – Алматы: «Өнер 21-ғасыр қоғамдық қоры» 2014. – 592 б.
6. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Көшпенділер баспасы» 2004. – 200 б.
7. Айнұр Әбдірәсілқызы. Исламдағы өзекті мәселелер жайындағы сұрақ-жауаптар. – Алматы: «Баспалар үйі» 2014. – 160 б.
8. Қайрат Жолдыбайұлы. Дін мен діл. – Алматы: «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры» 2010. – 288 б.
9. Құран кәрім. Қазақша түсіндірмелі аударма, / ауд. Асқар Әкімханов, Нұрлан Анарбаев Алматы, «Көкжиек» баспасы, 2015. – 624 б.
10. Умар Абдулла Камил. Әл-Инсаф фиі мәә усиира хаулаһу әл-хилаф. – Каир: «әл-Уәбил әс-Сайиб», 2010. – 800 б.
11. Али Жұма. Әл-Муташаддидун. – Каир: «Дәрул-муқаттам лин-нәшр уә әт-таузиғ», 2011. – 108 б.
12. Сахих әл-Бұхари/Ауд. Қ. Спатай. – Алматы: «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2010. – 752 б.
13. Ахмад ибн Хусайн ибн Али ибн Муса әл-Хусраужирди әл-Хорасани әбу Бакр Байһақи. Әс-Сунан әл-Кубра. – Бейрут: «Дәру әл-кутуб әл-ғилмия», 2003-1424. – 10 том.
14. Мұса Шахин Лашин, Фатху әл-Мунғим Шарх Сахих Муслим. – Каир: «Дәру аш-Шаруқ», 2002-1423. – 10 том.
15. Әбу әл-Хусайн Муслим ибн әл-Хажжаж әл-Қушайри Найсабури. Әл-Муснад әс-Сахих әл-Мухтасар мин әс-Сунәни би нақлу ғадли ғәнил ғадли илә Расулиллахи саллаллаһу алейхи уә сәлләм. – Бейрут: «Дәру ихия әт-турос әл-араби», 1955. – 5 том.
16. Мұхитдин Исаұлы. Иман мен дәстүр хикметтері. – Алматы: «Баспалар үйі» 2014. – 216 б.
17. Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер. – Алматы: «Дайк-Пресс» 2000. – 208 б.

Акурпикова Гүлзат

*Нұр Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университетінің магистранты
Алматы қ. suraiiaa@mail.ru*

ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒА

Қабілет ұғымы.

Біз күнделікті «қабілет» деген сөзді жиі қолданамыз. Мысалы, «*Мына бала мына нәрсеге қабілетті екен*» немесе «*Сенің осы нәрсеге қабілетің жетеді деп ойлаймын*» деген сияқты қолданыстағы сөздер өте көп. Бұл мысалдар әр адамның әрекеттің бір түріне жақсы икемділігін көрсететін дара ерекшелігі болатынын байқатады. Мұндай ерекшеліктер бір іс –әрекетті орындау кезінде, әсіресе іс орындалып, кейін нәтижесі жақсы көрінгенде білінеді. Мәселен, біреу қолға алған ісін тез арада бітіріп тастайды, ал екіншісі оны өте баяу қимылдап, әрі істі сапасыз етіп жасайды. Бұл мысалда, бірінші адамның жұмысқа қабілеттілігі екіншіге қарағанда әлдеқайда жоғары екендігі көрініп тұр.

Қабілет дегеніміз – адам баласының шамасына қарай, бір нәрсеге «қабілетті» немесе бір нәрсеге «жарамды болуы» дегенді білдіріп, бір істі орындауға қасиеті мен шама- шарқы, күш - жігерінің жететінін білдіру мақсатында қолданылады. Сонымен қатар ақылдың орамдылығы мен сыншылдығы, кез келген нәрсені тез қағып алып, есте сақтауы, зейінділік пен бақылағыштық, зеректік пен тапқырлық т. б. осы секілді ақыл-ойға қатысты өзгешеліктер де қабілет болып табылады [1, 151-б]. Қабілетті болуды - данышпандар асыл мұраға теңейді. Өйткені кез келген адамда ерекше бір көзге түсетін қасиет болады. Егерде сол адам оны қастерлеп, өмірімен біте қайнасып жүруіне үнемі жағдай жасап отырса, иесінің қолынан келмейтін нәрсе жоқ.

Жалпы қабілетсіз адам болмайды. Қабілет, ол біреуде күшті, біреуде орташа не шамалы болып келуі мүмкін, "тәжірибе мен парасат адамдардың тең емес екенін дәлелдейді" - дегенде "теңдік" деп адамдардың қабілеттерінің теңдігі немесе дене күштері мен рухани қабілеттерінің бір екендігі меңзеледі. Бұдан біз адамдардың тең емес екенін білеміз. Қабілеттілік өлшемі белгілі бір істің

нәтижелі орындалуында көрініс табады. Қабілеттілік ұғымы қай ғылым түрі болмасын, барлық ғылым саласында қарастырылған.

Педагогика ғылымындағы қабілеттілік пен оған ие тұлғаның

сипаттамасы. Бұл ғылымда былай жіктеледі Гностикалық - танып білу, дидактикалық (түсіндіре білу, білім беріп, үйрете білу), коммуникациялық (қарым-қатынас, ынтымақтастық жасай білу), конструктивтік (оқу-тәрбие материалын іріктеп ала білу, жобалай, жасай білу), ұйыдастырушылық (шәкірттерін әр алуан әрекет түрлеріне еліктіріп, тарта білу, қатысушылардың бәрін біріктіріп, олардың мүдделерін қойылған мақсатты орындауға бағыттай білу), перцептивтік (баланың ішкі жан дүниесін ұғына білу, олардың сезімдері мен жай-күйін түсіне білу, эмпатияға қабілеттілік), болжамдаушылық (педагогикалық көрегендік жасай білу, педагогикалық қызметтегі өзара әрекеттестік нәтижелерін болжай білу), сuttестивтік (мұғалімнің эмоциялық, ерік-жігерлік иландырушылық ықпалы, нық айтылған жігерлі сөзбен қажетті әсер нәтижесіне жете білу қабілеті), экспрессивтік (мұғалімнің өзінің білімі мен сенімдерін эмоциямен әсерлі етіп айтып жеткізе білуі, артистизмі, дауыс ырғағы, ым, ишара, оңтайлылық элементтерін жетік меңгеруі) [2, 384-б].

Психология ғылымындағы қабілеттілік ұғымы. Адамның мінез-

құлығын реттеп, оның тіршілік етуіне қызмет етеді. Және қабілеттілікті анықтайтын қасиеттерде бар олар: сезімталдық, байқағыштық, зеркетік, көрегендік, ұғымдарды салыстыруға, қиыстыруға, топшылауға бейімділік деген . Қазақ халқының қысқа да нұсқа нақыл сөзі болған қабілеттілік тұрасында да бір мақалды келтіре кетсек, «Қабілет пен өнердің өрісі ұзақ» деген екен. [3].

Қабілет мағынасын тағыда ашықтап, кеңінен түсіндіруге Ұлы Абай атамыздың бір асыл сөзін келтіре кетейік, «Құдайдың шын мәнін түсіну - адамның қабілеті» деген екен [4, 26-б].

Қабілетті адамдардың бірі – зеректілігімен, екіншілері – байқағыштығымен, тағы бірі – еске сақтағыштығымен ерекшеленеді. Адам баласын басқа жаратылыстардан ерекшелеп тұратын ең негізгі ерекшелік – санасы мен қабілетінің болуы. Саналы болу, жақсы мен жаманды ажырата білу, әрине қабілеттілікті қажет етеді.

Ислам дініндегі қабілеттілікке ие тұлға. Алла тағала адамзатты

сынау мақсатымен жер мен көктегі барлық нәрсені аманат етіп, адам баласының игілігіне ұсынған және оны сол аманаттар үшін жауапты еткен. Аманатты жүктеудің өзіндік бір сыры да осы – адамның қабілетті болуында. Алла тағала адам баласының қабілетсіз емес екендігін және жәйдан - жәй жаратыла салмағандығын былай деп баяндайды: «Сендерді бекерге жаратты және жанымызға қайтарылмаймыз деп ойладыңдар ма?» - делінген[5, 349-б].

Ислам дінінде қабілеттілік термині «Әл әхлия» деп қолданылады. Дінде құлшылықтарды орындауға ең әуелі қабілеттің қажет екенін алға тартады. Қабілеттілік міндеті екі топқа бөліп қарастырылады. Оның бірі араб тілінде «әхлиятул ужуб» яғни тиісті болған қабілеттілік және «әхлиятуль әдә» - орындай алу қабілеттілігі деп аталады. Бұл екі қабілеттіліктің түрі барлық адамның бойында болмауы мүмкін, себебі, адамның қабілеттілігін жоятын немесе қабілеттілігіне кедергі болатын жайлары да кездеседі.

Тиісті қабілеттілік екі тармаққа бөліп қарастырылады. Алғашқысы «әхлиятуль ужубин нақыс» яғни – толық емес қабілеттілік, бұл жатырда жатқан балаға қатысты қолданылатын қабілеттілік түрі. Сәби әлі дүние есігін ашпаса да, болашақта қабілет иесі ретінде қарастырылады. Ал екінші түрі «әхлиятуль ужубуль кәмилә» деп аталып толыққанды, бір істі орындауға қабілеттінің толықтай жетуін білдіреді. Бұл баланың белгілі бір жасқа келіп, діни үкімдерді орынауға міндетті болуын білдіреді [6, 26-б].

Мәселен, жеті жастан асқан сәбидің оқыған намазы қабыл болады және оқыған намазының сауабын алады. Сол сияқты оның істеген барлық жақсы істеріне сауап жазылады. Жеті жасқа келген сәбидің ата – анасы оған намаз оқуды үйретіп, әдеттендіруі керек.

Амалдарды өтей алатын бұл қабілеттіліктің түрі де, міндет болған қабілеттілік сияқты екі қабілеттілік түрлерінен бөлінеді. Толыққанды және толыққанды емес қабілеттіліктер.

Толыққанды қабілеттілік - аты айтып тұрғандай, бір істі жасауға қабілеттінің толығымен жетуін айтады.

Екінші түрі - толыққанды емес қабілеттілік бұл - ақыл ойы мен адамның дене кемшіліктерінің себебінен болады. Бұл қабілеттілік түрі ақыл мен дененің кемшілігіне ғана қатысты айтылған. Мысалға ислам дінінде бұл толыққанды емес қабілеттілікке Алла Елшісінің (Алланы оған сәлемі мен игілі болсын) «Үш

адамға қалам жазылмайды (күнә болып саналмайды) айыққанға дейін ақылынан адасқан жанға, оянғанға дейін ұйқыдағы жанға және балиғат жасына «(дін бойынша кәмелет жасы) жетпеген балаға» - деген сөзін дәлелге алады [7, 216-б].

Алла тағаланың адам баласына жүктеген жауапкершіліктеріне байланысты, ал екінші түрі - адамдардың өзара қарым – қатынасындағы құқықтарына байланысты. Шариғат ілімдерінде бұл тармақты араб тілінде «муғамәлә» дейді [8, 179-б].

Алла тағаланың жүктеген жауапкершіліктеріне қатысты қабілеттіліктің түрлерінің мағынасын көрейік.

Біріншісі: Барлық зиян атауынан алыс болған жақсылықтың ең жоғарғы дәрежесі - иман және оның тармақтары сияқты мәселесінде. Иман - Алла тағаланың өсиетін және оның елшісі пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтқандарының барлығын жүрегімен толық қабыл алу. Әрине бұл жауапты іс қабілеттілікті қажет етеді. Алланы танып, оған сенуде және оның бұйырған үкімдерін, орындауға адамда ең алдымен ақыл - ой санасы болуы керек

Екіншісі: күпірліктің түрлері. Яғни оған ақыреттік үкімдер беріледі. Енді күпірлік дегеніміз не десек, жамандықтардың ең жаманы – Алла тағалаға сенбеу. Ардақты елшіміз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) ол жайлы былай деген: сенбеу – күпіршілік және Алла тағалаға дұшпан болумен тең болады. Күпірлік өзі ішінде 3 – ке бөлінеді:

Надандық салдарынан көрініс табатын күпірлік) естімегені білмегені үшін діннен шығады;

Қырсықтық күпірі; бұл топ біліп тұрса да

мойындамайтындарды қамтиды;

Ислам діні құрметтеген нәрсені аяқ асты ету, ал аяқ асты еткен нәрсені құрметтеу сияқты.

Дінімізде періштелердің, адамдардың және жындардың иман етулері, сенулері әмір етілді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Алла тағаладан әкелген нәрселерінің барлығына жүрекпен сену – иман деп аталады. Иманның орны – «көңіл» (жүрек) болып табылады. Көңіл - жүрек деп аталатын ет бөлшегіндегі қуат. Иманды ауызбен айтуға бір кедергі болған кезде, айтпауға болады. Мысалы: қорқытылған кезде, ауру, тілсіз

болғанда немесе айтуға уақыт таппай өлген кезде, айту қажет емес. Түсінбей, біреуге еріп сену де, иман болады.

Адам баласы иманға қол жеткізу үшін «күпірдің белгілері» деп білдірген нәрселерінен барынша өзін алыс ұстауы керек.

Қорытынды

Қабілеттілік – белгілі бір іс-әрекеттің нәтижелі орындайтындай тұлғаның жеке дара ерекшелігі. Ол іс-әрекетті жылдам, тұрақты, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдерімен сипатталады. Оның жоғарғы деңгейі – таланттық, дарындылық, данышпандылықпен және бәсекелестікпен ерекшеленеді.

Ислам дініндегі қабілеттілік – кәмелеттік жасына (балиғат) жеткен ер немесе қыз бала мукалләф болады, яғни олардың міндеттері мен құқықтары пайда болып, діни жоралғыларды орындауға қабілетінің жетуін айтады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Әл Маусуға фикһия», Кувейт
2. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: "Сөздік", 2006.
3. Қазақ мақалы
4. Абайдың қара сөзі
5. Халифа Алтай Құран аудармасы
6. Сунан Ахмад «Намаз бабы»
7. Сунән Ибн Мәжә, «Талақ бабы»
8. «Әт тәлуих илә кәшфи хақоик Әттәнқих» Лисәғди Әттәфтәзәни , - Бейрут

HISTORIA

Ogólna historia

Магистрант 2 курса Емелбаев Р.Т., к.и.н. Калыбекова М.Ч.
Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая

СОВЕТСКАЯ РЕЛИГИОЗНАЯ ПОЛИТИКА В КАЗАХСТАНЕ

(20-30-Е ГГ. XX В.)

Становление Казахстана как независимого и суверенного государства, сложные социально-политические проблемы, которые стоят перед страной на современном этапе, когда ценности человека стали восприниматься значительной частью общества негативно, возникла потребность в их замене. В это время вновь начинает возрастать роль религиозного фактора в общественной и личной жизни людей, обуславливают необходимость изучения истории религиозного вопроса с новых теоретико-методологических позиций. Становятся востребованными ценности религиозной культуры, так как религия играет важную роль в жизни каждого народа и является составной частью его культуры.

Это определяется не только стремительно возросшим уровнем национального самосознания народа, но и сохранением комплекса социально-этнических противоречий в начале XXI века, решение которых невозможно без осмысления исторического опыта. Казахстан – полиэтничное государство, где проживают представители более 130 этносов и 45 конфессий, являющихся составной частью нашей национальной истории. Изучение опыта их взаимодействия необходимо для решения важнейшей государственной задачи – обеспечения внутривнутриполитической стабильности и консолидации общества, межэтнического и межконфессионального согласия. Происходящие сегодня преобразования обращают внимание многих людей к наследию прошлого, поиску причин и предпосылок, явлений и тенденций, обусловивших социальные, экономические и политические изменения. Понять и осмыслить этот процесс тем более важно, что сегодня мы вновь находимся на переломном этапе истории,

когда от политического настроения народа, всех слоев общества, направленности их сознательной активности во многом зависит будущее Казахстана.

20-30-е годы XX века – это время трансформации старого традиционного общества в новое социалистическое, которое до сих пор продолжает оказывать влияние на развитие казахстанского общества. Казахстан отличался своей многонациональностью, многоукладностью в экономическом и неоднородностью в социальном развитии, что существенно затрудняло проведение советской антирелигиозной политики. Население региона отличалось традиционно повышенной религиозностью, что обуславливалось историческими традициями, преобладанием сельского населения по сравнению с городским, разнообразным национальным составом, высокой активностью местных религиозных организаций.

Первоначально Советская власть заявила о свободе вероисповедания. В ноябре 1917 г., сразу после Октябрьского переворота, Совет народных комиссаров РСФСР выступил с обращением «Ко всем трудящимся мусульманам России и Востока». В документе говорилось: «...отныне ваши верования и обычаи, ваши национальные и культурные учреждения объявляются свободными и неприкосновенными. Устраивайте свою национальную жизнь свободно и беспрепятственно». В 1919 г. правительство Советского Казахстана разрешило праздновать Курбан-айт как официальный праздник [1].

На середину 20-х годов приходится пик религиозного оживления населения в Казахстане. Судя по архивным документам, мусульманские учреждения действовали почти во всех областях Казахстана и объединяли служителей культа разных национальностей: казахов, уйгур, дунган, узбеков, татар. К 1924 г. в республике насчитывалось несколько десятков религиозных школ, действовало мусульманское судопроизводство, строились мечети, отмечалось возрождение суфийской практики.

Казахское духовенство, после 1923 г. вошло в состав Центрального духовного управления мусульман России и Сибири в г. Уфе. Примечательным фактом первого десятилетия советской власти стала благотворительность мусульманской общины, особенно в южных областях, в оказании финансовой помощи новым адресатам: местным органам власти, профсоюзам, комсомолу и так далее. Это свидетельствовало о том, что новые порядки, вводимые новой

властью, в том числе идея отделения религии от государства, еще не укоренилась в обществе, оставшемся по своей сути патриархальным.

В 1923 г. исламское духовенство Казахстана вошло в состав Центрального духовного управления мусульман внутренней России и Сибири, центр которого располагался в Уфе. Мечети получили и определенную финансовую самостоятельность благодаря тому, что велся массовый сбор пожертвований (закят, садака и др.) от населения [2].

К 1924 г. в Туркестанской АССР шариатские суды фактически свернули свою деятельность: из их ведения были изъяты все уголовные дела, полноценно действовать они не могли и в скором времени прекратили свое существование. В своем обращении в наркомат по делам национальностей, направленном в тот же период, туркестанские мусульмане отмечали, что шариатские суды лишены всех прав, и это подрывало в народных массах доверие к советской власти.

Также социально-экономические и политические деформации в стране оказали отрицательное влияние на общее положение духовной сферы среднеазиатского региона. Таким образом, духовенство зачислили в разряд классовых врагов.

В республиках Средней Азии духовенство, в том числе и в Казахстане еще недавно выступавшее союзником в борьбе с басмачеством, «было объявлено агентурой иностранной разведки, и на него, а также на верующих, обрушились жестокие репрессии». В массовом порядке стали закрываться мечети. Многие из них, даже признанные памятниками архитектуры, разрушались, часть их стала использоваться для хозяйственных нужд. В 1927 г. были упразднены шариатские и адатские суды, конфискованы вакуфы. Все эти меры и вызвали в конце 20-х годов массовую эмиграцию дехканства и горожан в Западный Китай и Афганистан.

Начиная с 1926 г. ведется политика жесткого преследования ислама. Если первоначально наступление на ислам велось с помощью идеологического воздействия, то затем начинаются уголовные преследования и репрессии. Власти объявляют об «антисоветском характере» мусульманства, и речь идет уже не только об антирелигиозной пропаганде, но и о «мерах борьбы с исламом». Религия была объявлена «классовым врагом трудящихся». В 1929 г. был введен запрет на преподавание ислама, началась масштабная антирелигиозная кампания в школах.

Политика советской власти было направлено на экономическое и политическое давление на мусульманское духовенство. Оно выражалось в лишении представителей этой группы гражданских прав, жестком налоговом прессинге, раскулачивании и прямых политических репрессиях. Поэтому советские власти осуществляли последовательную политику по вытеснению мусульманского духовенства из всех сфер общественной жизни вплоть до прямого физического уничтожения.

В конце 20-х годов проводилась латинизация алфавитов тюркоязычных народов. Она шла под флагом «ускорения» ликвидации массовой неграмотности и развития народного просвещения. Тяжелый удар по системе образования нанес переход казахского языка в 1929 г. с арабской графики на латинскую. Одновременно с борьбой за всеобщую грамотность власти пытались оторвать казахов от огромного духовного наследия веков, зафиксированных в книгах с арабским шрифтом. Защитники реформированной арабицы в Казахстане, как и в других республиках, подверглись репрессиям. Ставилась задача перевода письменности на латиницу, которая была объявлена «орудием ленинской национальной политики», «началом культурной революции среди тюрков». Латинизации алфавита тогда подверглось около 20 млн. представителей в основном тюрко-мусульманской культуры» [3].

В период хлебозаготовительного кризиса 1927-1928 годов попытки связать религию с контрреволюцией активизировались.

К служителям культа применяются методы уголовного преследования. Наиболее видные религиозные деятели направлялись в концлагеря или физически уничтожались. Массовая волна репрессий против духовенства началась в конце 1920 - начале 1930-х гг. Карательная политика советской власти была направлена против его представителей как участников или руководителей антиколхозного движения. Практически все осужденные в 1929-1932 гг. служители культа обвинялись в противодействии колхозной и другим хозяйственным кампаниям и организации с этой целью кулацких группировок. Карательные органы были нацелены на охват как можно большего круга религиозных деятелей, поэтому этот период представлен большим количеством групповых дел. В результате, мусульманское духовенство утратило наиболее активную и образованную часть религиозных деятелей.

Однако, подавление основного состава духовенства не означало отказ от полного уничтожения религии и религиозного сознания. Основным содержанием антирелигиозной политики 1930-х гг. явились: масштабное закрытие культовых зданий, ужесточение экономического давления на религиозные организации и служителей культа, применение к последним методов уголовного преследования.

В заявлениях партийно-государственных органов 1930-х гг. постоянно утверждалось, что контрреволюционный актив религиозных организаций консолидируется, поэтому было необходимо проводить решительную линию по сокращению возможности влияния служителей культа в массах трудящихся. Во всех постановлениях, средствах информации постоянно присутствует тенденция усиления антирелигиозной борьбы. Однако в действительности небольшая часть еще не уничтоженного духовенства не представляла собой какую-то серьезную антисоветскую силу. Физически и морально подавленные священнослужители вынуждены были оставлять духовную деятельность и искать для себя иные формы выживания [4].

Репрессии 1930-х гг. полностью изменили социально-культурную и численную характеристики имамов. Физическое уничтожение влиятельного слоя исламских деятелей, проходившее параллельно с процессами над «буржуазными националистами», разгром мусульманских религиозных управлений, закрытие тысяч приходов и мечетей - все это нанесло непоправимый ущерб развитию ислама в Казахстане. «Переломным» в репрессивной политике государства стал 1937 год, когда был издан целый ряд директив и указаний по проведению карательных кампаний. Новый всплеск репрессий получил свое обоснование в виде решений Пленума ЦК ВКП(б) 1937 г. (февраль-март), в ходе которого высшее партийное руководство страны выразило неудовлетворительность темпами разоблачения «врагов народа». Принятые вслед за этим меры свидетельствовали о придании этой кампании огромного размаха. Была существенно расширена номенклатура органов, осуществляющих репрессии: к многочисленным судебным инстанциям разных уровней прибавляются внесудебные-областные и республиканские «тройки». Другой внесудебный орган - Особое Совещание НКВД СССР - получил право увеличивать приговор обвиняемых без проведения полного следствия с пяти до восьми лет. 2 июля 1937 г. Политбюро ЦК ВКП (б) направляет на места

телеграмму, к которой указывается, что большая часть бывших кулаков, уголовников и прочих «антисоветских элементов», высланные прежде в северные районы и Сибирь и возвратившиеся обратно, являются «главным зачинщиком всякого рода антисоветских и диверсионных преступлений, как в колхозах и совхозах, так и на транспорте и в некоторых отраслях промышленности». Этим решением впервые санкционировалась подготовка к крупномасштабной операции союзного значения. «Наиболее враждебные из них были немедленно арестованы и расстреляны в порядке административного проведения их дел через тройки, а остальные менее активные, но все же враждебные элементы были бы переписаны и высланы в районы по указанию НКВД».

Таким образом, перед силовыми ведомствами была вновь поставлена задача проведения крупномасштабной кампании по ликвидации теперь уже бывших репрессированных и остальных категорий «врагов», остающихся на свободе. Уже 31 июля 1937 г. на заседании Политбюро ЦК ВКП (б) был утвержден проект оперативного приказа «Об операции по репрессированию бывших кулаков, уголовников и других антисоветских элементов», который положил начало серии приказов по отдельным категориям населения, среди которых были и имамы. Все перечисленные в документе лица подразделялись на две категории, первые из которых подлежали немедленному аресту, рассмотрению их дел тройками и расстрелу, а вторые - заключению в лагеря на срок от 8 до 10 лет. Республиканские и областные тройки, в состав которых входили первый секретарь обкома, нарком внутренних дел и прокурор, должны были проводить следствие в ускоренном и упрощенном порядке, и могли по своему усмотрению относить лиц второй категории к первой. Последующие приказы НКВД СССР, утвержденные ЦК, детализировали операции по социальным и профессиональным признакам. Особые распоряжения издавались по репрессированию так называемого национального контингента. Этот документ, известный впоследствии как приказ №00447, стал началом так называемой «кулацкой операции». Уже в самом тексте была дана установка на «творчество» местных органов по выявлению контактов репрессируемых, в ходе которого следователь мог построить любую цепь, объединить ее звенья в любую организацию: «в процессе следствия нужно выявить все «преступные связи» репрессируемых и обо всех «вновь вскрытых» в процессе проведения операции

контрреволюционных формированиях» должны немедленно доносить в центр [5].

Таким образом, отдельным направлением политики «культурной революции» в Казахстане было привлечение передовых представителей местной интеллигенции на сторону советской власти и формирование нового поколения молодежи в духе коммунистической идеологии. Наряду с этим все правительственные учреждения и идеологические центры должны были обращать серьезное внимание на социальное происхождение и партийную принадлежность национальной интеллигенции. **Все это должно было служить укреплению административно-командной идеологии, изменению национального самосознания народа и разрушали связь исторических времен и эпох.** В результате молодое поколение все более отделялось от истиной истории своего народа.

Литература:

- 1 Нургалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. – Алматы, 2005.
- 2 Ким П., Хасанов М. Басмачество: 1921-1924 гг. Что рассказывают о нем документы, хранящиеся в архивах // Звезда Востока. 1989, № 6, С. 143.
- 3 Жумашев Р.М. Культура Казахстана (1917-1940) // Проблемы истории и этнологии Казахстана. 5-ый вып. Караганда, 2001.
- 4 Миннуллин И. Р. Диссертация на соискание кандидата наук «Политика советского государства по отношению к мусульманскому духовенству в Татарстане в 1920-1930-е гг.». Казань. 2003. -218 с.
- 5 Миннуллин И. «Мусульманское духовенство Татарстана в условиях политических репрессий 1920 – 1930 гг.», 2011. 256с.

Etnografia

Маглумова Р. Н.

пәнінің мұғалімі, № 49 мектеп - гимназиясы

Тараз қаласы, Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XX ғасырдың соңында еліміз халықтарының ұлы жетістігі Қазақстан тәуелсіз мемлекеттілігінің орнатылуы болды. Бұл ұлттық отарлықтан құрылу, толық мағынадағы тәуелсіздік халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған, күткен арманы болатын.

Тәуелсіз алғаннан кейін Қазақстан тарихына бүкіл ұлттық қызығушылық артты. Бұл кездейсоқ пайда болған қызығушылық емес еді. Ұзаққа созылған науқастан соң есін енді жинай бастаған адам сияқты, қазақ халқы да өзінің өткенін жадына түсіргісі келді.

Халықтың жадысы - тарих. Сол тарих арқылы қазақ, қалайша осындай жағдайға душар болғанын білгісі келді, өзін-өзі түсінгісі келді. Ол - заңды құбылыс. Тарихқа деген сұраныс ұсынысты тудырды. Мерзімді басылым беттерінде тарихи деректер мен тарихи мақалалар тасқыны басталды. Журналистердің, әдебиетшілердің, басқа да зиялы өкілдердің тарихи тақырыпқа арналған мақалалары көптеп жарияланды. Белгілі ғалым, профессор Д. Кішібеков: «Тарих үйретеді, тәрбиелейді» деген мақаласында «Қазақстан тарихы - біздің ата - бабаларымыздың көне заманнан бүгінге дейінгі өмірі, тіршілігі, ой - өрісі, әлем тарихынан алатын орны, оны объективті зерттеп жазатын да, оған жаны ашитын да, жігерленіп кірісетін де, орнықты терең ой айтатын да өзіміз болуымыз керек. Қай халық өз тарихын басқа ел өкілдеріне жаздыртқан. Ал өз тарихымызды жазуда біз білетін, біз айтатын мәселелер жеткілікті. Бірақ өз тарихымызды өзіміз жазамыз деп жалпы халықтар тарихымен байланысты үзіп алмауымыз басты шарт. Тарих тек объективті тұрғыда жазылғанда ғана, оған ел ден қояды, оның тәрбиелік мәні айқындалады» деп жазды.

Тәуелсіздік жылдарында ұлт тарихында тұңғыш рет деп айтуға болады, Қазақстан кәсіпқой тарихшылары ешкімге жалтақтамай, өз халқының тарихы туралы өз ойларын еркін жаза алатын жағдайға жетті. 1989-1990 оқу жылынан бастап, республика мектептерінде жаңа дербес пән - «Қазақстан тарихы» дүниеге келді. 1993 жылдың екінші жартысынан бастап елімізде тарих мәселелеріне арналған қазақ тіліндегі тұңғыш журнал «Қазақстан тарихы» шыға бастады. Белгілі ғалымдар, зерттеушілер тарих ғылымының өткені мен келешегі туралы пайымды ой-пікірлер білдірді, тарихқа жаңаша қараудың үлгісін көрсетті. Еліміздің тәуелсіздік алуымен қатар Отан тарихындағы көптеген өзекті мәселелер жаңаша тұрғыдан қаралып, дербес, тәуелсіз ой-пікірлер мен тұжырымдар қалыптаса басталды.

Тарих ғылымында жаңа бағыттар, айтарлықтай өзгерістер пайда болды. Біріншіден, өзгеріс ең алдымен ғылыми-зерттеу жұмыстарының теориялық – методологиялық негіздерін қамтыды. Қазақ тарихы жалпы адамзат тарихының тілінде (контекстінде) зерттеле бастады. Екіншіден, қазақ тарихшылары өз халқының тарихын ешкімге жалтақтамай ана тілінде жазуға мүмкіндік алды. Қазақ тілінде кандидаттық, докторлық диссертациялар дайындалып қорғалды және монографиялық зерттеу жұмыстары дүниеге келді. Үшіншіден, Қазақстан тарихшылары бұрын жабық болған қолдануға тыйым салынған дерек көздерін пайдаланып, оларды ғылыми айналымға тарта бастады. Жаңа деректерді іздестіру, оларды сұрыптап, талдау негізінде арғы - бергі тарихымыздың ақтаңдақ беттерін толтырудың жолдары мен әдістері айқындалды. Төртіншіден, халқымыздың тарихына қатысты бұрын пайда болған деректер газет, журнал беттерінде молынан жарияланды немесе жеке кітаптар түрінде жарық көрді. Бұл факторлар тарихымыздың қара түнек беттерін ашық, тереңірек зерттеуге мүмкіндік берді. Тәуелсіздік жылдарында «Қазақ тарихы», «Отан тарихы», «Алаш» журналының шығуы халық санасында жаңа көзқарас қалыптастыру мен насихаттауда оң қызмет атқарды. Бесіншіден, бұрын зерттеуге болмайтын тақырыптар, яғни «тарих ақтаңдақтары» ашылып, большевиктер партиясының халқымызға қарсы жасаған қылмысты істері әшкереленді. Большевиктер қолымен ұйымдастырылып, ұлтымызға орны толмас қайғы-қасірет әкелген зұлматтың себеп-салдары көрсетіліп көлемі анықталды. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне арналған еңбектер көлем едәуір болды. Олардың арасында, әсіресе, кеңестік тоталитарлық жүйе

тарихынан жазылған еңбектер айтарлықтай мол. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің шын тарихы тек Қазақстан тәуілсіздік алғаннан кейінгі жылдары жаңаша парадигма негізінде зерттеле бастады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, тарихымыздың осы мәселесін зерттеуге бет бұрған тарихшы ғалымдардың бірі академик М. Қозыбаев болды. 1992 жылы М. Қозыбаевтың осы тақырыпқа және Қазақстан тарихының басқа да өзекті мәселелеріне арналған «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты еңбегі жарық көрді. Осы еңбектің «Тарихтың ащы сабағы» дейтін мақаласы аталмыш мәселеге арналған.

Тәуелсіз Қазақстан тарихшыларының назарын аударған келесі бір аса ірі мәселе ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарына тоталитарлық жүйе күшімен жүзеге асырылған аграрлық реформаның барысы, сипаты және ауыр салдарлары. Бұл мәселенің кеңестік жүйе тұсында тек жағымдық тұрғыдан сипатталып келген белгілі. Сондықтан да тарихшылар жаңа жағдайда мәселенің келеңсіз тұстарына баса назар аударды.

Қазақстан тарихының кеңестік дәуірі саяси-әлеуметтік, экономикалық, этникалық қарама-қайшылықтарға, трагедиясы аралас драмаға толы болды. Сондықтан Қазақстан тарихының осы кезеңге сәйкес өзекті мәселері төңірегінде зерттеушілеріміз біршама жұмыстар атқарғанмен, біздің ойымызша тарихшылар алдағы уақытта осы тақырыптар және басқа да зерттелетін тақырыптар төңірегінде тарихнамалық талдауларды өрістетуге керек деп ойламыз.

Әдебиеттер:

1. Кішібеков Д. Тарих үйретеді, тәрбиелейді. \\ Ақиқат.-2002.-№11.-77б.
2. Қозыбаев М. «Ақтаңдақтар ақиқаты». – Алматы: Қазақ университеті, 1992
3. Нұрпейісов К. «Алаш һәм Алашорда». – Алматы: Атабек, 1995. -82б.
4. Омарбеков Т. «20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті». Көмекші оқу құралы. - Алматы, 1997. -141-142 бб.

MUZYKA I ŻYCIE

Muzyka: studiowanie i wykładanie

Абишкенова Д. А.

ҰЛТТЫҚ ӘН ӨНЕРІ

Қазақтың музыкалық фольклорының түрлік-жанрлық құрылымын және оның тәрбиелік мүмкіндігін айқындау негізінде мәдени шаралардың проблемаларына талдау жасағанда, оның негізгі екі түріне – ән мен күйге тоқталып өткен де дұрыс. Қоғамның демократиялық жолмен дамуы ұлттық мәдениеттің жетілу үрдісін жеделдете түседі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде ұлттық шығармашылықтың түрі мен мазмұнының көрінісі оның жалпы адамзаттық мәнін айқындамақ. Қазақтың халық музыкасы терең және жан-жақты зерттеуге тұрарлықтай. Өйткені, ол өзінің бейнелік мәні мен мазмұнын аша түсуімен сазгерлік шығармашылықтың одан әрі өркендеуі үшін негіз жасайды. Сан ғасырлар бойы ұрпақтар жасаған рухани құндылықтар мәдени мұраның мол қорының негізін құрайтын дәстүрлі ұлттық шығармашылықта айрықша орын алды деуге негіз бар. Шығармашылық – тәжірибенің баға жетпес мұрасы, адамгершіліктің, мәдениеттің іргетасы ретінде ол тек ұлттың ғана емес, сонымен бірге қоғамның рухани баюының таусылмас бастауы қызметін де атқарып келе жатыр күні бүгінге дейін. Халықтық шығармашылық – ұлттың рухани мәдениетінің деңгейі, ұлтаралық қатынастар құралы ретінде тәрбиенің негізі, оны жасаушысы мен тыңдаушының өзіндік ойын ынталандыру болып табылады. Қоғамның әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне байланысты дәстүрлі өнер кейде өркендеп, кейде құлдырау барысында өзінің тәрбиелік мүмкіндіктерін құбылтып отыратынын уақыт өзі дәлелдегендей. Төл шығармашылықтың тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыруда музыкалық өнердің айтарлықтай ықпалы бар.

Ол мәдени мұра, тарихи-рухани құндылық, халықтық салт-дәстүрлер, дәстүрлі халық ән өнері түсініктерімен тығыз байланысты болғандықтан, оның ерекшеліктері мен табиғаты қай кезде де халық жанына жақын болған. Халықтың музыкалық шығармашылығы әр халықтың рухани мәдениетінің

басты құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, қазақ әнінің өзіндік тағы бір ерекшелігі, ұрпақтан-ұрпаққа, аймақтан-аймаққа тарай отырып, ауызша үйретіліп, дәстүрлі түрде орындалып, орындаушы өнерпаздардың орындау барысында, шабыттана отырып шығарманың кейбір жерлеріне өз өзгерістерін жасап отыруы жиі кездеседі. Қазақ халқы ежелден әншілік өнерімен ерекшеленген. Ұлттық дәстүрлі музыка қорымыздағы ең көп сақталғаны да осы – ән өнері. Өмірдің әр құбылысын әнге қосып, өз шежіресін әнмен жазған халқымызда шығарушысы ұмытылса да, мәтіні мен әуезі ел жадында сақталып келе жатқан бірнеше мың халық әндері бар. Тарихтың сан қилы талқысынан сүзіле өтіп келе жатқан бұл әндер ұлттық болмыс пен қасиетті, тұрмыс-тіршілікті білдіретін айрықша құндылық болып саналады. Небір жез көмей дарынды әншілер мен ән әуезін жанына жұбаныш жасай білген талантты өнерпаздар арқылы бүгінге жетіп отырған халықтық ән өнері – уақыт өткен сайын өз қасиетін арттыра түсетін, ұлттық ерекшелігімізді айқындап беретін асыл мұрамыз екені анық. Қанша буын өнерпаздар қолынан өтсе де, өз мазмұны мен маңызын жоймай, ұлттық мінезді, терең сезімді жырлап келе жатқан бұл өнер, шын мәнінде, өзіндік салт- санамызды, дәстүрлі тірлігімізді сақтаушы қасиетімен де құнды. Кешегі мен бүгінгінің арасын жалғап тұрған халық әндерінде ақыл-парасат та, тарих та, ұлттық мінез бен игілік те тұнып-ақ тұр.

Жүздеген жылдар бұрын айтылып, әр заманның тыныс-тіршілігін, рухани әлемін анық көрсететін ұлттық болмыстағы әндер бүгінгі мен ертеңгі ұрпақ үшін де аса қымбат мұра екені анық. Шын мәнінде, ұлттық мәдениет, ұлттық рух – бесіктен белі шықпаған баладан басталады. Тәуелсіз, егемен еліміз әлемнің төрт бұрышына бірдей танылып, саяси-әлеуметтік және экономикалық жағынан тұрақты даму жолына түскен бүгінгі күні мұның өзі ел үшін ең басты мұраттардың бірі. Сондықтан жас ұрпақ бойында отансүйгіштік сезімді тәрбиелеп, қалыптастыру, мәдени мұраларымыздың сыры мен қырын ашып, халықтың игілігіне жарату – баршамыз үшін үлкен парыз. Сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының дәстүрлі өнері ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасуының нәтижесінде бүгінгі күнге дейін жетті. Халық шығармашылығының басқа да түрлері тәрізді қазақ музыка өнері де өзіндік сипатымен ерекшеленеді.

Магистр-аға оқытушы Смаилова М.С.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты

СЫР БОЙЫ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРГЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Резюме

В данной статье рассматриваются методы эстетического воспитания студентов на основе творчества акынов-жырау Сырдаринского региона

Summary

This article examines the methods of aesthetic education of students on the basis of creativity akyn-zhyrau of the Syrdarya region

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Сыр – алаштың анасы. Тарихқа жүгінсек, бұл жерде қазақтың үш астанасы болған: Жент, Сығанақ, Қызылорда. Сыр өңірі Қорқыт бабамыздың, Жанқожа мен Бұқарбай сынды батырлардың, Мұстафа Шоқайдың, Кердері мен ғұлама Тұрмағамбеттің, ақын Әбілда мен Нартайдың, тамаша халық жазушылары Әбдіжәміл мен Қалтайдың, т.т. көптеген аруақты, дарынды перзенттердің туған өлкесі. Сонан да Қызылорда күллі қазақ үшін қасиетті ортақ жер» [1] деген болатын. Қазақ даласында XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде ақындық-жыраулық өнер ерекше өріс жайып, әсіресе Сыр бойы өңірінде көптеген ақын-жыраулар өкілдерінің жыр сайысындағы ерекшеленген, халық ортасында дәріптелініп өрлеген кезеңі болды. Сыр өңірі – белгілі бір дәстүрдің ғана жеке дамыған жері емес, тоғыз жолдың торабы, сан түрлі тарихи оқиғалар мен көзқарастар бір мүддеге тоғысқан топырақ. Сол себепті, өңірде өмір сүрген жырау, жыршы, ақын, күйші, әнші, сал-серілер шығармашылығы әлем әдебиетінде сирек кездесетін құбылыс ретінде, өзіндік сипаты басым өнер түрі есебінде айрықша назар аударады. Сыр елінде өмір сүріп, аты үш жүзге мәлім болған ақын-жырауларымыз ұрпақ тәрбиесіне, инабаттылық пен ой-өрісінің дамуына, эстетикалық талғам биігінен көрінуін басты назарда ұстаған, сөйтіп барша шығармаларында рухани құндылықтарды арқау еткен. Бұл жырлар ұлтымыздың болашағына үлгі-өнеге ретінде жол салған. Атадан-балаға мұра болып келе жатқан жыраулық өмір арқылы жақсылық,

ізгілік туын жоғары көтеріп, жастарды адамгершілікке, гуманизмге, еңбек етуге үндейтін толғау-термелерде игі қасиеттерді көңілге тоқып, зердеге сіңіруге баулыған.

Тәрбие бастау бұлағын халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған құндылықтарынан алуы тиіс. Сондықтан Сыр сүлейлері шығармалары бүкіл тәрбие жүйесінің негізгі сипаттарына сай келеді. Жиенбай, Балқы Базар, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Бұдабай Қабылұлы, Дүр Оңғар, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Нұртуған, Нартай Бекежанов, Рүстембек, Көшеней секілді жыр жампоздары артына тәлім-тәрбие, өнеге қалдырып, өсиеттік мәні бар ақыл-нақылдар жазған. Бірлік, татулық, адамгершілік қасиеттер қауымдастыққа әкелетін Сыр сүлейлері толғау-терме, ақыл-нақыл сөздері арқылы көрсеткені айқын. Келтірілген ұстанымдарға сай, Сыр саңлақтары шығармаларында тәрбие үдерісінің мақсаттарын нақтылап отырған. Сыр бойы жыраулары адам тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, жастарды өзін-өзі танып білуге, жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа ұмтылдыруға, мейірімділікке, сүйіспеншілікке баулып келген. Жастардың жан дүниесін байытып, ақыл-сезімін жетілдіруді басты мақсат тұтқан Сырдың сырлы сарынымен жырлаған Сыр сүлейлерінің толғау-термелерінен үзінді алып, дәлелдеме жасап, тізе беруге болады. Жан тазалығы ізет-тәрбиеден бастау алатынын, жыр жолдарымен жеткізген олар адам жанын рухани жағынан жетілдіру, адам жүрегіне ықпал ете отырып тәрбиелеуге көңіл бөлген. Оқушы мен тыңдарманға ой түсіретін асыл сөз термеленген. Демек, Сыр елінде өмір сүрген ақын-жырауларымыздың дүниетанымы халқымыздың ежелгі даналық үлгілерімен қабыса байланысып жатыр екен. Сыр елінде ғасырлар бойы қалыптасқан жыраулық, жыршылық өнер халқымыздың рухани дүниетанымының көркемдік ойлау жүйесінің жемісі. [2].

Қазақтың ақын-жыраулар тарихынан ерекше орын алатын Сыр бойы ақын-жырауларының әдеби-музыкалық мұрасы ұлттық рухани құндылықтарымыздың үлкен бір саласы болып табылады десек, ақын-жыраулардың өмір, заман жайындағы толғаныстарын, дана өсиеттері мен ақыл-нақылдарын қазіргі жастарға насихаттау – білім мен тәрбиені ұштастырудың негізгі тәсілдерінің бірі. Оның тарихи негіздері де жоқ емес. Студенттерді Сыр бойы ақын-жырауларының шығармаларымен таныстырып, тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік эстетикалық ерекшеліктеріне қарай талдауға

машықтандыру арқылы ғылыми ізденушілігін, өлке өнерін танып-білуге құлшынысын арттыруға болады. Студенттерге жыраулық өнердің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін түсіндіре отырып, сол өнерді жасаушылардың бір тобы - Сыр бойы ақын-жыраулары, олардың әртүрлі дәстүрде жазылған шығармалары жайында айтуымыз керек.

VIII-IX ғасырларда ғұмыр кешкен ұлы Қорқыт бабалардан бастау алған Сыр бойының ақын-жыраулары өзіндік дәстүрімен өзге аймақтардан ерекшеленіп тұрады. Өлеңді өнердің пірі тұтып, басқа қонған бақ, абырой санап, жақсы жыр тудыруды басты мақсат тұтып, ерен дарындылығымен суырылып алға шыққандарды Сыр бойы халқы үлкен құрметпен дүр, шайыр, сүлейлер деп атады. Шайыр, дүр, сүлейлер өз шығармаларына рухани құндылықтарды арқау еткен. Сүлейлер дүниеге келтірген жырлар ұлтымыздың болашағына үлгі-өнеге ретінде жол салған, теңдесі жоқ мұралары арқылы жақсылық, ізгілік туын жоғары көтеріп, жастарды ауызбіршілікке, адамгершілікке, елжандылыққа, еңбек етуге үндейтін толғау-термелерде игі қасиеттерді көңілге тоқып, зердеге сіңіруге баулыған.

Дәстүрлі киелі жыр өнерінің Сыр еліндегі қайталанбас тұлғалары Балқы Базар, Жиенбай, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Дүр Онғар, Бұдабай Қабылұлы, Ешнияз сал, Тұрымбет Салқынбайұлы, Тасберген жырау, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Нұртуған, Нартай Бекежанов, Рүстембек, Көшеней секілді майталман жырау-шайырлар жас ұрпаққа тәлім-тәрбие, өнеге қалдырып, өсиеттік мәні бар ақыл-нақылдар жазған. Олардың шығармашылығын барынша терең зерттеп, оны жастар тәрбиесінде қолдану ұлттық тәрбиенің маңызды міндеттерінің бірі. Сыр сүлейлері шығармашылығындағы ұлтжандылық идеялар өмірді, адамды сүйоден бастау алып, жастарды еңбексүйгіштік дағдыларын қалыптастыруға, адамгершілік асыл қасиеттерді насихаттауға, сана-сезімді жетілдіріп, ұлттық рухты көтеруге бағытталған. Жалпы, Сыр сүлейлерінің педагогикалық ой-пікірлері мен оның шығармаларындағы ұлтжандылық идеялары арнайы зерттеліп, оған қатысты теориялық тұжырымдар мен ұсыныстардың нақты көрсетілмегендігі ғылыми педагогикалық тұрғыдан зерделеуді қажет етеді. Сыр сүлейлері, дүрлер мен шайырлардың, ақын, жыраулардың өсиеттері - адамгершілікке, өнер-білімге,

әділеттілікке үндейді. Мазмұны жағынан олар ел тілегі, халық мүддесі, болашақ қамы үшін айтылған адамгершіл ақыл-тағылым сөздер.

Сыр бойы жыраулары шығармашылығының басты лейтмотиві – адами құндылықтар. Олар көркем туындыларымен, шұрайлы тілімен жастарды өзін-өзі танып білуге, жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа ұмтылдыруға, мейірімділікке, сүйіспеншілікке баули білген. Осындай тағылымды жыраулардың бірі – аты бүкіл қазақ халқына белгілі атақты жырау Базар Оңдасұлы Өтемісов. Жыраулардың жампозы атанған Базар жырау Оңдасұлы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында туған. Руы — Кіші жүздің шөмекейі, оның ішіндегі Балқы, сондықтан халық арасында Балқы Базар аталып кеткен. Базар ерте жетім қалып, нағашысы Өтемістің қолында тәрбиеленеді. Тоғыз жасынан Тәспен бидің тәрбиесінде болады. Тәспен бидің ауылына белгілі жыраулар жиі келіп, апталап-айлап жатып, жырлайтын болған. Жастайынан сол жыраулардың тағылымды жырларын тыңдап өскен Базар жырау 15 жасынан жырау атанады. Сол кезден бастап Ор төңірегін, Ырғыз, Сыр бойы, Қызылқұмды, Үргеніш, Хиуа өңірін аралап, жыр жырлайды. Базар жырау Ноғайлы дәуірінің кыссаларын, халық көп тыңдайтын «Көрұғылы», «Жүсіп — Ахмет», т.б. дастандарын өздігінше жаңадан жырлап, Сыр бойына таратады. Сол кезде шығыс аңыздарының ізімен «Әминә қыз», «Айна — тарак» дейтін шағын дастандар дүниеге келеді. 1907 жылы Базар жырау Қазан қаласынан тасқа басылып шыққан «Айман — Шолпан» жырын қайтадан жаңғырта жырлайды. Кейіннен «Қыз Жібек» жырына да көп өзгеріс енгізіп, қайта жырлап ел арасына таратады. Жыраудың «Әр кемелге - бір зауал», «Тіршіліктің түрлері», «Керқұлан», «Кермиық», т.б. толғауларына жақсылық пен жамандық, адамшылық пен зұлымдық мәселесі арқау болады. «Жырау көзі тірісінде, әсіресе, қартайған шағында құрдасы әрі туысы Нұрымбеттің Төремұрат деген оқыған баласына ауызша айтып отырып, көп толғау-жырларын, дастандарын хатқа түсірткен. Оның бұдан да басқа хатшылары болған. Жыраудың өз айтуымен хатқа түскен 15 мың жолға жуық өлең-жырлары, 5 дастаны сақталған» [3].

«Базар жырау шығармашылығында, біздіңше, адам, адам тағдыры туралы айту ерекше орын алды, адам туралы жаппай айтудан толғау үлгілі өлеңіміздің тарихында алғаш рет нақты айту, мораль, адамгершілік сапалар мен адамдық қасиеттерді көркем шығарма нысанына нақты адамды ала отырып жырлау

жүзеге асты. Кез келген мәселені нақты, деректі жырлауы арқылы Базар жырау шығармалары толғаудың жанрлық мүмкіншілігін жетілдіре түсті, көркем шығарманың өзі өмір сүріп отырған дәуірдің ділгір мәселелерін көтеруін, уақытпен үндесуін, реалистік сипатының артуын жолға қойды. Кез келген өнер туындысының бойынан адам бейнесі, оның жан-жақты жасалуы, сомдалуы неғұрлым айқын көрінсе, бұндай ерекшелік әдебиеттің соғұрлым нәтижелі даму жолына түскенін, есейіп келе жатқанын дәлелдей түседі. Демек, поэзиямыздың тарихындағы барынша жетілген, өмір құбылыстарының философиялық мәні мен маңызын, адам өмірінің саяси-әлеуметтік мәселелерін терең жырлайтын Базар жырау толғауларын өз заманының үздік туындылары болды деп нық айтуға болады», - деп жазады белгілі филолог ғалым Б.Кәрбозұлы

Базар жыраудың өлең құрылымы негізінен – толғау. Толғаулардың кейінгі ұрпаққа үлгі аларлықтай терең мағыналы нақыл өсиеттерге бай болып, ұйқасы, әуені, белгілі ырғағы болуы керек. Базар шығармалары осы талаптарға сай келеді. Жырау толғаулары негізінен ойға, сезімге құрылған. Пікірі тұтас ойы терең, жүйелі болып өріледі. Базардың қай өлең-толғауларын алмайық, бәрінен ақын өмір сүрген кезеңнің тыныс лебі еседі. Сол кездегі қоғамдық ортаның түсінік-танымы, мінез-құлқы суреткерлік шеберлікпен ашылады:

Жақсы мен жаманның
 Арасы жер мен аспандай.
 Білерсің бір күн басына
 Іс түскен кезде сасқанда-ай.
 Мырза менен саранды
 Өлшестіріп қарасаң,
 Ылди мен зәулім асқардай!
 Ғалым менен наданды
 Салыстырсаң білерсің,
 Дария шіреп тасқандай!... [4]

С. Сейфуллин: «Бұқар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы Базар жырау» деп бекерге айтпаса керек... Халқымыз ғасырлар бойы қадірлеп, әр сөзін бойтұмарындай қастерлеп, жадында ұстап жеткізді. Ұрпақ мүлкі, ел қазынасы ретінде сары алтындай сақталды. Олар қалдырған татымды терме тұтымды үгіт, адамгершілік өсиет әр кез ақын-жырауларын тебіренткен аса құнды туындылар

Базар жырау өзінің «Сұм дүние», «Халқы үшін туған қайратты ер» жырында әлеуметтік мәселелерді қозғап, елді ынтымаққа, бірлікке шақырады. Базар жырау «Ел жақсылары» толғауында Сыр өңірінің айтулы тұлғалары: Өткелбай сыпа, Бекетай молда, Құлбарақ батыр, Көбек, Басығара би, Бекмырза, Бәймен, Төртқара, Үмбет секілді тарихи кісілер туралы жырлайды. Сыр елінің әр жерінен жер-су атаулары берілген мұндай тарихи тұлғаларымызды жырау басқаларға үлгі ете және кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыру мақсатында жырлаған. Кіндік қаны тамып, өсіп-өнген туған елінің елеулі тұлғаларының есімдерін ұлықтап, жас ұрпақ үшін шежіреге айналдыра отырып жырлауы жастарға тамыры терең тәлімнің, елжандылық пен батырлықтың, туған жерге, елге адалдық, адамгершілік қасиеттердің ұтымды насихатталуы деп ұғамыз.

Сыр бойы жыраулары адам тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп жастарды өзін-өзі танып білуге, жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа ұмтылдыруға, мейірімділікке, сүйіспеншілікке баулып келген. Жастардың жан дүниесін байытып, ақыл-сезімін жетілдіруді басты мақсат тұтқан Сырдың сырлы сарынымен жырлаған Сыр сүлейлерінің толғау-термелерінен үзінділер алып дәлелдеме жасап, тізе беруге болады. «Сыр сүлейлері», «Жыраулар мекені» атанған Сыр бойының музыкалық мұрасы бүгінгі күнге дейін әлемнің музыка зерттеушілерінің назарынан тыс қалмай келе жатқаны жасырын емес. Осы орайда музыка мамандары өнертану ғылымына Арал, Қазалы аймағының мақамдарын топтастырып, «Сырлы сарын», «Даланың даналық дәстүрі» және «Аталар аманаты», «Көрұғлы», Қармақшы мақамдарын жинап нотаға түсіріп шығарған еңбектері көпшілік қауымнан оң бағасын алуда. Демек, ғасырдан-ғасырға, атадан балаға ауызба-ауыз, қолма-қол беріліп, үзілмей жетіліп келе жатқан жыраулық дәстүрдің музыкалық мұрасын қазіргі таңда зерттеуге мүмкіндік туды және ол жалғасын тауып келеді. Өнер мен жырдың ордасына айналған Сыр өңірі күллі түркі тектес халықтарының тұнық бастауындай десе болады. Боз даланы боздата салған жыраулық дәстүрдің сан қырлы мақамы көне түркі әлеміне жетелейді. Осындай саф алтындай мұраны алға апарушы Сыр саңлақтарының сара іздерін жаңғырту бүгінгі ұрпақ үшін үлгі мен өнеге. [5] Қазіргі уақытта Сырдың бойында 500-ден аса жыраулық өнерді дәріптеушілер болса, солардың рухына арнап, «Сыр сүлейлері» аллеясын салынып ұрпақ үшін өшпес мұра болып қалды. Астарлы сөздер мен тұлғалардың бейнелерін көріп,

оқып білген, бүгінгі жас ұрпақтың ой-санасы жаңарып, жаңаша көзқарас қалыптастырары анық.

Сырдария бойының ақын-жыраулары мұралары – ұрпақтардың өткені мен бүгінін, келешегін жалғаудағы рухани дәнекер. Сондықтан жыраулық поэзиядан келген бұл үрдістің Сыр бойы ақын-жырауларының шығармалары арқылы жалғасуы қазіргі және болашақтағы ұлттық сөз, ән өнері дамуының дәстүрлі көркемдік негізі болып қала беретіні ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
2. Егізбай Н.Ә. Сыр сүлейлері. – Қызылорда. 2002.
3. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. А., Жазушы, 1982.
4. Базар жырау. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986.
5. Еңсегенұлы Т. Сыр бойы ақын-жыраулары. Әдеби зерттеу. – Алматы: Білім. 2000.

PRAWO

Ekologiczne, rolne i agrarne prawo

Уатаева Н.К. Объективная сторона убийства

Уатаева Н.К.

Инновационный Евразийский Университет

г. Павлодар

ОБЪЕКТИВНАЯ СТОРОНА УБИЙСТВА

В данной статье мы рассмотрим, что же является объектом убийства, и проанализируем объективную сторону убийства.

Объектом убийства, считается жизнь человека, вне зависимости от пола, возраста, гражданства, расовой принадлежности человека и т.д.

